



РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ БЕРДІ

Мемлекет басшысы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады. Президентке жаңартылған заңнамаға сай республикалық референдумға дайындық және ұйымдастыру жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Орталық сайлау комиссиясының даму стратегиясын іске асырудың негізгі аспектілері баяндалды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБҚА БІРІКТІ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың алғашқы отырысын өткізді. Оның құрамына 6 саяси партияның, сондай-ақ шамамен 20 республикалық қоғамдық бірлестіктің өкілдері кірді.



→ 3

БЕЙБІТ АТОМНЫҢ БЕРЕКЕТІ МОЛ

Сонымен, тарихи шешім қабылданды. Енді бір айдан соң Қазақстан халқы елімізде АЭС салу немесе салмау мәселесін жалпыхалықтық референдум арқылы шешеді.



→ 4

ЖЕТИ ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚСТАН – ТАЗЫ ТҰҚЫМЫНЫҢ ИЕСІ

Бұл шешім – қазақы тазы тұқымын халықаралық деңгейде толық тану, яғни мойындау алдындағы негізгі әрі соңғы кезең.

«Бүгін сіздердің елдеріңіз үшін де, біз үшін де тарихи күн. FCI Стандарттау жөніндегі комиссиясы мен FCI Ғылыми комиссиясы ұзақ рәсімдерден кейін Бас комитетке осы тұқымды тіркеуді ұсынды. Құттықтаймын! Алдағы уақытта сіздерді 10 жылға созылатын жұмыс күтіп тұр. Осы уақыт ішінде иттердің денсаулығына көптеген тесті жасалып, жаңадан туған тазы күшіктерінің статистикасы жүргізіледі, бұл деректер FCI Ғылыми комиссиясы үшін қажет. Иттердің денсаулығы мен жай-күйі қазір өте маңызды мәселелердің бірі. FCI Қазақстандағы тазы тұқымының жүйелі дамуын бақылап отырады», – деді FCI президенті Тамаш Яккель.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Бауыржан ЫСҚАҚОВ,
ЭКОНОМИСТ:

ӨНДІРУШІЛЕР ҒАНА МЕМЛЕКЕТ ЖЕҢІЛДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономиканың дамуына дем беретін өзекті мәселелерге тоқталып өтті. Ендігі кезекте халық Үкіметтен қаржы секторына қатысты қарқынды реформалар мен Ұлттық қор қаражатын тиімді басқару тетіктерін, агроөнеркәсіп кешеніне жеңілдетілген несиені арттыру шараларын жүзеге асырылуын күтеді. Ал бұл жайында тәуелсіз сарапшы, экономист Бауыржан Ысқақов пікір білдірген еді.

(Жалғасы 3-бетте)



МӘСЕЛЕ

ТАҢБАҢДА НЕ СЫР БАР, ТАҢБАЛАУ ЖҮЙЕСІ?

Мемлекет басшысы осы Жолдауында Үкіметке бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеуді жүктеді. Оның айтуынша, отандық бизнеске жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқықбұзушылық деп саналатын болады. Осы орайда бизнес те, Парламент депутаттары да Үкіметтен асыра сілтеуді және тауарларды жаппай таңбалауды тоқтата тұруды сұрап жатыр. Мұның мәнісі неде?

КӘСІПКЕР НЕГЕ ҚАПАЛЫ?

Ел Үкіметі 2023 жылғы 21 қазандағы қаулысымен, «Таңбалауға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы» 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №568 қаулыға өзгерістер енгізді. Оған сәйкес, 2024 жылғы 1 шілдеден барлық дәрі-дәрмекті міндетті таңбалау қолға алынды. Үкіметтің ұстанымынша, осы арқылы медикаменттердің өндірілгеннен оны ақырғы тұтынушысы сатып алғанға дейінгі «бүкіл өмірлік циклына» мониторинг жүргізіледі. Бұл – көлеңкелі нарықпен күрестің пәрменді тетігіне айналмақ.

(Жалғасы 5-бетте)

5 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен үшінші сессияның алғашқы жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ бірқатар жаңа заң жобасын, соның ішінде Салық кодексын жұмысқа қабылдады.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Жиынды ашқан Ерлан Қошанов Президент Жолдауында айтылған көптеген мәселе заңнамалық тұрғыдан қолдауды талап ететінін атап өтті.

«Қолданыстағы Банктер туралы заң 1995 жылы қабылданған. Бүгінгі күннің талаптарына толық сай келмейді. Сондықтан біз Банктер туралы жаңа заң қабылдауымыз керек. Сонымен қатар алдымызда еліміздің салық жүйесін қайта електен өткізу міндеті тұр. Ең бастысы кодексті сарапшылармен, мамандармен, кәсіпкерлермен бірге тағы да жан-жақты пысықтай аламыз. Салық кодексі экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтардың барлығына түсінікті болуы керек. Бұдан басқа біз Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы аясында жұмысын жалғастыратын боламыз», – деді Мәжіліс Спикері.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы өз сөзінде бірқатар тапсырма тікелей депутаттарға арналғанын баса айтты.

«Президент Жолдауда депутаттық корпусың белсенді жұмысын ерекше атап өтті. Бұл Президенттің көптеген мәселеде депутаттық корпусқа арқа сүйеп, сенім арттынының көрсетеді. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін бізге әр депутаттың, әрбір фракцияның қажырлы еңбегі қажет. Сондықтан біз бар күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз», – деді Е.Қошанов.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» жаңа заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер туралы Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев баяндады. Заң жобаларының негізгі мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қолданыстағы әдістерін жетілдіру. Біріншіден, азаматтық-құқықтық тұтынушылық дауларды шешу тәртібі көп сатыдан екі сатыға дейін жеңілдетілді.

«Тұтынушыға екінші кезеңде, егер бизнес субъектісі сотқа дейінгі дауды шешу тәртібін пайдаланудан бас тартса, тұтынушыға өз құқықтарын қорғау үшін сотқа тікелей талап қою немесе дауды



ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАУҒА ТИІС

соттан тыс реттеу субъектілеріне (медиатор/төрелік) немесе (тексеру өткізу және жосқасыз бизнес субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін) мемлекеттік органға жүгіну баламалы тәсілдерін таңдау құқығы беріледі», – деді министр.

Бұл ретте құқықтары бұзылған және мәселесі сотқа дейінгі сатыда шешілмеген тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл институты құрылатынын айтты. Ол консультациялық көмек көрсетуге, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюға, сондай-ақ басқа да функцияларды орындауға құқылы. Омбудсмен тұтынушылар қауымдастығының дауысына ийне алады және мемлекетке саладағы жүйелі проблемаларды ашуға көмектеседі.

Бұдан бөлек, онлайн-саудада тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту бойынша түзетулер ұсынылып отыр. Осыған байланысты электронды сауда алаңдары сатушылар үшін ішкі қабылдау рәсімдерін қамтамасыз етуі керек. Егер сатушының үстінен тұтынушы шағым түсірсе, электронды сауда

алаңы оның құқықтарын қалпына келтіру шараларын қабылдауы қажет. Бұл норма уәкілетті органға сауда қызметін реттеу заңнамасын бұзғаны үшін кәсіпкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Заң жобасының басқа да нормалары тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы бірқатар құқықтық олқылықты жоюға. Жұмыс тобының жетекшісі Мұрат Әбенов қосымша баяндамасында атап өткендей, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын және шектейтін жағдайларды шарттарға енгізуге жол бермеу жоспарлануда. Олай болмаған жағдайда шарттар жарамсыз деп танылады, ал мәміленің жарамсыздығы сот арқылы белгіленеді.

Баяндамаларды тыңдаған депутаттар уәкілетті орган өкілдеріне заң жобасына қатысты сұрақтарын қойды. Талқылау қорытындысы бойынша мәжілісмендер заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Сондай-ақ бүгін Мәжіліс комитеттері Салық кодексінің жаңа жобасын, Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы және 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобаларын, сондай-ақ Астана мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері ЕАЭО елдері мен Сингапур арасындағы

еркін сауда туралы келісім мен оған жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімді, Қазақстан мен Қатар Үкіметтері арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді ратификациялау жобасын, зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа апаратын қабылдауға өзге де қабілеттері шектеулі адамдардың жарияланған туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы заң жобаларын да жұмысқа қабылдады.

Жалпы, отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 10 депутаттық сауал жолдады. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері жекеменшік мектептерге мемлекеттік тапсырысты орналастыру жайын, Кіші Арал проблемасын, Ветеринарлық қадағалау комитетіндегі ахуалды, азаматтардың дербес деректерін қорғау мәселесін, оқытушыларды қайта даярлаудағы сертификаттарын тану жөнін сөз етті.

«Мемлекеттік тапсырысты орналастыру механизмін қайта қарау қажет деп санаймыз. Себебі қазіргі жүйеде әр балаға арналған қаржы Жалпы сипаттағы трансферттер (ТОХ) бойынша қарастырылады. Алайда қандай да бір себептермен жекеменшік мектептерге бөлінетін қаражат республикалық бюджетке жүктелген, ал өңірлердегі балалар саны өзгеріссіз

жергілікті атқарушы билік органдарында, яғни Білім басқармаларында қалып отыр. Бұл дегеніміз – өңірлерде балаларды мемлекеттік мектептерден жекеменшік мектептерге ауыстыра отырып, қаржыны өздеріне қалдырып отыр. Мұндай жағдайда қаржының әділ бөлінуін қамтамасыз ету үшін механизмді қайта қарастыру қажет», – деді депутат Жұлдыз Сүлейменова.

Оның айтуынша, барлық балалар тең дәрежеде сапалы білім алуына мүмкіндік қарастырылып, жекеменшік мектептерде мемлекеттік тапсырыс балалардың оқулығын және ыстық тамақпен қамтылуы проблемасын шешуге бағытталуға тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы 677 жекеменшік мектептерде 251,3 мың оқушыны қамтып, 2024 жылы республикалық бюджеттен 133,9 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Алайда 2024 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша, бұл соманың 103,5 млрд теңгесі игерілген, қалған 30,4 млрд теңге тек 1 айға қаржыландыруға жеткілікті. 2024-2025 жылға жекеменшік мектептерге қосымша қаражат бөлу мәселесі республикалық бюджеттің нақтылауы болағандықтан шешілмей тұр.

Өз кезегінде депутат Мархабат Жайымбетов Арал теңізінің тағдырын сөз етті. Оның айтуынша, «САТ» жобасының бірінші кезеңі 2005 жылы Көкарал бөгетін көтерумен жүзеге асқан. Бірақ «Сырдарияда су аз болады» деген орталықтағы мамандардың болжамымен ол өте төмен салынған (42 м). Ал бар ғұмырын су саласына арнаған Нариман Қыпшақбаевтың бөгетті 52-53 метр биіктікте көтеру туралы талап-ұсынысына жобалаушылар құлақ аспаған.

«Көкарал бөгетінің құрылысында жіберілген қателіктен ұлы теңіз жағына қарай 48 мд теңгеметр шамасында су зая кетті. Мыңдаған тонна балық рәсуа болды. Енді тиімсіз жобаны жүзеге асырып, осылай Аралдың тағы бір қасіретіне өзіміз жол береміз бе? Тиімділігі төмен әрі эксплуатациясы өте қымбат нұсқаны мақұлдандуына жергілікті халық алаңдаулы. Халықпен кездесуге барғанда көзім жетті».

Сондықтан да бірінші кезекте, бір деңгейдегі схеманы қалдырып, екі деңгейлі «САТ» түбегейлі тоқтатылсын. Жергілікті халық өңірде бірнеше қоғамдық талқылау мен кездесулер өткізуді, оның ашықтығын қамтамасыз етуді сұрап отыр. Екінші, Солтүстік Арал теңізінің 12 шақырымдық Көкарал бөгетінің тұрақтылығын сақтау және қамтамасыз ету. Үшінші, Қамыстыбас көлі – аймақ жауһары, әрі өңірде экологиялық баланс сақтауда маңызды зор. Сондықтан оның режимін бұзудың қажеті жоқ! Төртінші, Ақлақ су торабының құрылысы бұрын кеуіп қалған Қарашалан, Баян, Сартерен, Домалақ және басқа да көлдерді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Енді жобаның 2-ші кезеңі шеңберінде Қамыстыбас, Ақшатау, Аксай және Қуандария көлдер жүйесі үшін осындай жұмысты жүргізу қажет», – деді ол.



Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ,
Мәжіліс депутаты:

БҰЛ ЖОЛДАУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН

Біз Мемлекет басшысының Қазақстан халқына кезекті Жолдауын зор ықыласпен қабылдадық. Онда Президент еліміздің одан әрі дамуы жөніндегі бірқатар ауқымды мәселеге тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде, азаматтардың тұрмысын жақсартуды көздейтін жүйелі экономикалық өзгерістерге баса назар аударды. Мемлекет басшысы бөлген тоғыз басым бағыттың барлығы мемлекеттік саясатты осы міндеттерді шешуге бағытталады.

Жолдауда экономикалық белсенділікті ынталандырудың өзекті міндеттеріне жауап беретін Банктер туралы жаңа заңды әзірлеуді, сондай-ақ кәсіпкерлер үшін қолданыстағы тиімді жағдайларды қиындатпайтын салық режимдері оңтайландырылуы тиіс жаңа Салық кодексінің қабылдауды талап ететін ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздіктерді жою мәселелері көтерілді.

Инвестициялық ахуалды жақсарту және бизнес жүргізу үшін жағдай жасау бөлігінде Президент халықаралық қаржы институттарын қатыстыра отырып мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын анағұрлым сапалы дайындауға назар аудару керегін қадап айтты. Сондай-ақ қосылған құны жоғары процесстерді дамыту басымдығына не болағын еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін толық ашуға жүйелі күш салу да тапсырылды.

Сонымен қатар Президент ел өмірі үшін маңызды қадам – АЭС бойынша референдум өткізу туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы ирригациялық жүйелермен және жалпы су саласымен айналысуды, сондай-ақ елдің қарлық әлеуетін дәйекті түрде арттыруды, онда ең алдымен салалық мамандардың: жүргізушілердің, құрылысшылардың, энергетиктердің және басқа да көптеген мамандықтың өткір тапшылығын еңсеру қажеттігіне тоқталды.

Келесі жылы Астанада оқушылар, студенттер, зерттеушілер, кәсіпкерлер үшін ашылатын Ұлттық жасанды интелект орталығын іске қосу да тапсырылды.

Жолдауда бұқаралық және балалар спорты дамытуға қуатты серпін беру үшін спорт саласындағы заңнаманы жаңарту, сондай-ақ әзірленіп жатқан «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» жаңа заң жобасына қатысу қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ есірткі қылмысымен күреске және осы саладағы қылмыстардың алдын алуға назар аударылды, өйткені бұл ұлттың тектік қорын сақтаудың маңызды мәселесі.

Бүгінгі Жолдау өте маңызды, өйткені ол елді одан әрі дамыту жөніндегі барлық стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған. Депутаттар өз тарапынан Президент қойған барлық міндеттерді жүзеге асыруға бар күш-жігерін салады. Айтылған Жолдаудың әрбір бағыты өте маңызды.

Елімізді одан әрі дамыту жолындағы барлық стратегиялық міндетті шешуге арналған бүгінгі Жолдаудың маңызы зор. Өз тарапынан депутаттар Президент жүктеген барлық міндетті жүзеге асыруға бар күш-жігерін саламыз. Айтылған Жолдаудың әрбір бағыты еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өте маңызды, біз оны біртұтас болып бірігіп, ортақ күш-жігер арқылы Мемлекет басшысының барлық бастамасын жүзеге асыруымыз керек.



Максим СПОТКАЙ,
Парламент Сенаты
Аппаратының Басшысы

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ҚҰРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті. Айтылған бастамалардың бәрі еліміз Президентінің экономикалық және саяси реформаларды жүйелі жалғастырудың элементтері болып табылады. Мемлекет басшысы алдағы кезеңдегі Қазақстанның одан әрі дамуының стратегиялық 9 бағытын атап өтті.

Президент ақша-несие және фискалдық саясат арасындағы ашықтықты жою негізгі басымдықтың бірі екенін жеткізді. Оның ішінде, тұрақты салық саясатының қажеттігі, әкімшілендіруді толық цифрландыру арқылы Салық кодексінің жеңілдету және салық режимдерін оңтайландырудың маңыздылығы айтылды. Президент экономикаға көбірек қаржы салуға банк секторын ынталандыру қажет екенін атап өтті.

«Банктер туралы» жаңа заң әзірлеу және қабылдау жоспарланып отыр. Енді азаматтар экономиканы дамыту мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға атсалысу үшін банктерден нақты қайтарым күтеді.

Мемлекет басшысы одан әрі реформалардың маңызды бағыттарының бірі ретінде инвестициялық ахуалды және бизнесті жүргізу үшін жағдайды жақсарту қажеттігін атап өтті. Үкіметке инфляцияны бәсеңдету және елдің халықаралық резервтерін нығайту тапсырылды. Инвесторларға өндірісті дамыту мақсатын көздейтін преферен-

циялар әзірленетін болады. Шикізат сату және оны Қазақстаннан әкететін уақыт өтті. Ұлттық қор қаржысын тек стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғана пайдалану керек.

Алдымызға өрелі міндет қойылды – 2029 жылға қарай экономикадағы орта бизнестің үлесін кемінде 15%-ға дейін ұлғайту керек. Бұл мақсатқа жаппай кәсіпкерлік рухын дамыту, монополияларды шектеу және әртүрлі салада бәсекелестік үшін нақты мүмкіндіктер жасау шартымен қол жеткізуге болады.

Сапалы және тұрақты экономикалық өсудің негізі бірінші кезекте, инфрақұрылымдық проблемаларды шешу болып табылады. 2024 жылдың соңына дейін энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту тапсырылды. Теміржол саласын реформалау және 12 мың шақырымға жуық автомобиль жолдарын жөндеу және салу қажет. Осының бәрі біздің транзиттік әлеуетімізді ашып қана қоймай, түрлі қызмет көрсету бойынша ілесіп кәсіпорындар мен сервистік

компанияларды дамытуға мүмкіндік береді. Атом электр стансасының құрылысы жөніндегі 6 қазанда өтетін референдумға жеке тоқталу керек. Бұл Президент Тоқаевтың азаматтарды шешім қабылдау үдерістеріне тарту мен ашықтық бағытын айқын көрсететін маңызды бастамасының бірі.

Мемлекет басшысы еліміздің кадрлық әлеуетін дәйекті түрде арттыруға ерекше назар аударып отыр. Президент елімізге аса маңызды болып отырған: су саласының мамандарын, құрылысшылар мен энергетиктер және басқа да көптеген қызметкерді даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту қажеттігін атап өтті. Шетелдік университеттерді Қазақстанға тарту, бір жағынан, осы нарықтағы бәсекелестікті арттыруға ықпал етеді. Екінші жағынан, ол оқу процесінің сапасын жақсарту үшін жұмыс істейді.

2024 жылғы Жолдауда белгіленген стратегиялық міндеттердің бірі – ұлт денсаулығын нығайту үшін кешенді шараларды іске асыру және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта жаңғырту екені айтылды. Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйе құрылады. Сондай-ақ зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға арнайы төлем жалғасын табатын болады.

Президент елімізде экологиялық жағдайды жақсарту және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды дамыту мәселесін шешілуі тиіс екенін атап өтті. Мемлекет басшысы табиғатты қорғау мәселесінде бизнестің жауапкершілігін арттырудың маңыздылығына тоқталды. Ормандар мен далаларды өрттен қорғау және Қазақстанның бірегей флорасы мен фаунасын сақтауға баса назар аудару аса маңызды міндет екені даусыз.

Осы міндеттердің бәрін орындау үшін, әрине бүкіл мемлекеттік аппарат, депутаттық корпус, бизнес өкілдері, қоғамдық ұйымдар және еліміздің барлық азаматтары тізе қосып, бірігуі қажет. Біз тек сындарлы диалог арқылы ғана нағыз Әділетті Қазақстанды бірге құра аламыз.

РЕФЕРЕНДУМ

ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБҚА БІРІКТІ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың алғашқы отырысын өткізді. Оның құрамына 6 саяси партияның, сондай-ақ шамамен 20 республикалық қоғамдық бірлестіктің 250-ге жуық өкілі кірді.

6 қазанда өтетін АЭС салу жөніндегі референдумның Тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін стратегиялық маңызы зор. Сондықтан еліміздегі беделді саяси және қоғамдық ұйымдар АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабқа бірікті. Бұл туралы Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Штабтың алғашқы отырысында мәлімдеді. Штабтың мақсаты – халықты атом электр стансасын салу жөніндегі прогрессивті идеясының айналасында топтастыру.

«АЭС құрылысы – бұл Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы табысты дамуының кепілі болатын серпінді жоба. Еліміздегі және әлемдегі барлық озық ойлы тұлғалар атом энергетикасын пайдаланудың тиімділігін жақсы түсінеді. Бұл – ең алдымен, қауіпсіз, сенімді, экологиялық таза жоба. Біз үлкен таңдау алдында тұрмыз. Сондықтан Халықтық штабтың міндеті – ел арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қоғамды АЭС-ті қолдауға жұмылдыру. 6 қазанда өтетін референдум біздің біраігімізді көрсетеді», – деді ол.

Мәжіліс Спикері бүгінде энергетикалық тәуелсіздік мәселесі күн тәртібінде алғашқы орынға шыққанын атап өтті. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесі атом энергетикасының тиімділігі мен қауіпсіздігін айқын дәлелдейді. Қазір Қазақстан электр энергиясының тапшылығын сезінуде және оны көрші елдерден импорттауға мәжбүр. Сондықтан Халықтық штабтың басты міндеті – қоғамға АЭС салудың маңыздылығы мен артықшылықтарын жеткізу, жұрт арасындағы негізсіз үрейлерді сейілету. Оған қоса, партиялар мен ҰЕҰ-лардың бірлесіп жұмыс істеуде табысты тәжірибесі де бар.

«Біздің әрқайсымыз балаларымыздың қуатты және ешкімге мұқтаж болмайтындай тәуелсіз мемлекетте өмір сүргенін қалаймыз. АЭС салу туралы шешімді қабылдай отырып, біз осы асқақ арманымызға қарай қадам жасаймыз. Біз елдің энергетикалық тәуелсіздігін шегелеп бекітеміз. Болашақ ұрпаққа энергетикалық тұрғыдан тәуелсіз, яғни экономикасы тұрақты және өркендеген Қазақстанды мұра етіп қалдырамыз. Бұл



тарихи шешім Әділетті Қазақстанды құру жыналасындағы жаңа парақшаға айналады», – деді ол.

Отырыс барысында АЭС құрылысына қолдау білдіріп, Халықтық штабтың құрамына кіргендер қатарында Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақыбек Күршібаев, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткин, Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президенті Райымбек Баталов, Қазақстан халық партиясының төрағасы Ермұхамбет Ертісбаев, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ төрағасы Бақтықожа

Ізмұхамбетов, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, Мәжіліс депутаты Ермұрат Бәпи, Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров, «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Агерке Искандерова және басқалар болды.

Сонымен қатар Халықтық штабтың құрамына Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ, Ұлттық спорт қауымдастығы, «Ассамблея жастары» РҚБ, Қазақстанның Ядролық қоғамы, Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпо-

рындары қауымдастығы, Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы және басқа да ұйымдар кірді.

Штаб құрамына саяси партиялардың орталық және аймақтық белсенділері, сондай-ақ республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, соның ішінде Парламент пен мәслихат депутаттары, интеллигенция өкілдері, танымал ғалымдар, мәдениет және спорт қайраткерлері, «Жастар Рухы» және басқа да жастар ұйымдарының белсенділері кірді. Алдағы уақытта штаб мүшелері өңірлердегі сайлаушылармен жұмысын бастайды, еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізеді, шағалай елді мекендерге барады.



(Басы 1-бетте)

– Биылғы Жолдаудағы қаржы секторына қатысты еселеуі жаңалықтың бірі банк туралы заң қабылдау болды. Бұл саланы реформалауға қаншалықты көмектеседі?

– Президент өзінің биылғы Жолдауында банк саласын реформалау, жалпы банк туралы заңның қабылданыуы қажет деген ұсыныс тастады. Бұл шынында да өзекті мәселе, өйткені дәл қазір екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнеске несие бергеннен гөрі халыққа тұтынушылық несие берумен айналысып кеткенін көріп жүрміз. Мысалы, қазір алдыңғы қатарлы екінші деңгейлі банктердің алдындағы қарапайым халықтың тұтынушылық несиесінің көлемі он екі триллион асқан. Бұл дегеніміз – жалпы еңбекке жарамды 9 млн 2 жүз мың адамның 7 млн 8 жүз мыңында несие бар екенін білдіреді. Елімізде 2 миллионға жетер-жетпес адамның ғана несие жоқ. Демек, еңбекке жарамды халықтың 85 пайызы несиемен қамтылған деген болады. Ал оның жартысында 90 күннен асып кеткен несие берешектері бар, яғни проблемалық несиелер. Негізі, бұл үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Бұл халықтың төлем қабілеттілігінің дәрежесі мен мемлекеттің әртүрлі әлеуметтік бағдарламасында да нәтижесін көрсетіп отыр. Бұл мәселелердің түп тамырында халықты жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін бағдарламалар тұр. Егер банктер әр өңірлердегі өндіріс ошақтарын несиелендірумен айналыса, сол арқылы ішкі ресурстарымызды қамтамасыз ететін тауар шығарып, онда өзіміздің қазақстандықтар жұмыс істейтін болса, азаматтарымыз өз қажеттіліктерін несиелендірумен емес, еңбекақысымен жабуға мүмкіндік ала береді. Президент атап өткен банк саласын реформалау мәселесінің түбірінде банктердің несие портфельінің пропорциясын ауыстыру мәселесі тұр. Қазір бұл портфельдің 40 пайызы ғана экономиканы несиелендіруге жұмсалған, ал 60 пайыздан астамы – тұтынушылық несие. Біз осы көрсеткішті керісінше аударуымыз керек. Банктер неғұрлым әртүрлі индустриялық бағдарламаны несиелендірсе, экономикалық өсім де соғұрлым ұлғаяды. Президент айтқан Банк туралы заңның негізгі мақсаты – осы. Бізге сырттан келетін әр түрлі банктік өнімнің де қазіргі



қызмет істеп жатқан банктің де кері әсері тиіп отыр. Егер экономиканың дамуына серпін беретін Банк туралы заң қабылдаса, әлемдік цифрландыруға және өзге де технологиялардың дамуына байланысты процестің барлығы да сол заңның аясында жұмыс істер еді. Осылайша, экономикаға тың серпіліс береді. Ал дәл қазіргі «Банктер және банк қызметі туралы» заң уақыт талабына сәйкес келмейді. Президент осы мәселені ашып айтты.

– Ұлттық қор қаражатын тиімді басқару туралы осыған дейін де талай сөз болды. Жалпы, қор қаражатын тиімді басқаруды қалай түсінеміз?

– Ұлттық қор – әрқашанда халықтың назарында. Дегенмен бүгінде онда 55 млрд АҚШ долларға жуық қаражат бар. Оған 30 миллиардқа жуық алтын резервін қоссақ, 90 миллиард АҚШ долларына тең деп айтамыз. Бірақ соңғы кезде Ұлттық қордың тиімсіз жұмыс істеп жатқанын байқауға болады. Оған қор қаражатын инвестициялаған компаниялардан түсетін акциялардың әлі де дивидендтерінің аздығы себеп. Шамамен, 6-7 пайыз ғана түсім әкеліп отыр деп айта аламыз. Осы халықтың қаражаты қандай мемлекеттердің қандай ірі компанияларында орналастырылғаны туралы ақпарат жоқ. Яғни, олар тиімді акцияларға салынған ба, әлде мүлдем банкротқа ұшыраған немесе табысы жоқ компанияларға салынған ба деген сұраққа ешкім жауап ала алмайды. Қор қаражатының орналасу ережесі тәртібі туралы ақпарат болмағандықтан,

Бауыржан ЫСҚАҚОВ,
ЭКОНОМИСТ:

ӨНДІРУШІЛЕР ҒАНА МЕМЛЕКЕТ ЖЕҢІЛДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ

тиімді-тиімсіз екенін де ешкім білмейді. Ал Ұлттық қорды басқару тиімділігін арттыру үшін оған жауап беретін органдардың есептілігін көруіміз керек. Егер де ол тиімсіз салада болатын болса, керісінше, шетелдік әріптестерімен бірге, мысалы Норвегия сияқты мемлекеттердің тәжірибесіне көшуді қалыптастыруымыз керек. Өйткені бұл елдегі ұлттық қордың қаражаты жоғары табыс әкелетін компанияларда орналасқан. Сонымен қатар жылына кем дегенде екі рет халық алдында есеп берілсе деймін.

– Ал Салық кодексінің қабылдау мерзімін шегеруге не себеп болды деп ойлайсыз?

– Енді Салық кодексінің қабылдау мерзімін тағы да бір жылға созылуы биік пен бизнестің арасында бір ымыраға келу нүктесі қойылған жоқ деп айтуға болады. Бізде бюджеттің кіріс бөлігі, жалпы салықтық түсімдер – 21 трлн теңге. Ал әртүрлі 400-ге жуық салықтық жеңілдіктерді ұсына отырып, бюджет бір жылда түсуі керек 7 трлн теңгеге жуық қаражаттың қажеті бар. Дегенмен сол мекемелердің арасында бірнеше жылдан бері салықтық жеңілдік алып, бірақ соған сәйкесінше нәтиже беретін жұмыс орындарын ашып, өнім өндіретін кәсіпорындардың саны аз. Яғни, мемлекеттен үлкен жеңілдік алса да қайтарымы болмай жатқан кәсіпорындар қарасы өте көп. Сол үшін Президент осындай шикіліктерді байқап, салық жобасын қайтадан жетілдіруге жіберіп отыр. Бұл дұрыс, өйткені кодекс жыл сайын өзгері бермеуі керек. Өйткені ол жыл сайын өзгері беретін болса, біздің инвестициялық климатқа, іскерлік әлеуетке де кері әсерін тигізеді. Сол үшін де бұл кодекстің бизнеске ыңғайлы және көлеңкелі экономикаға кетіп қалмаудың алдын алатын және де мемлекеттің өзіне пайдалы салық түсімдерін көбейтуге мүмкіндік беретін құжат күйінде қабылдауымыз керек.

– Жолдауда айтылған тағы бір маңызды мәселе – ауыл шаруашылығын субсидиялауды қысқартып,

жеңілдетілген несиеге басымдық беру. Мұның тиімді тұсы қандай?

– Ауыл шаруашылығын субсидиялауды қысқарту мәселесі ықтиярсыздықтан немесе басқа мүмкіншіліктің болмауынан жасалып отыр. Осы уақытқа дейін көптеген ірі жер иеленушісін субсидиялап келдік, бірақ соған сәйкес кері байланыс та болмады. Ал субсидияның өзі мемлекетке үлкен ауыртпашылық салады. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы өнім өндірушілердің жауапкершілігін арттыру үшін, сондай-ақ берілген қаражаттың қайтарымы болуы үшін жеңілдетілген несие беру мәселесінің туындауы заңдылық. Банктің алдында арзан несие алған жағдайдың өзінде оның қайтарымы бар. Несие алушылар соған сәйкес жұмыс істейді, қызмет көрсетеді. Бұл жерде Агробанк сияқты да бір арнайы қаржы институты ашылуы керек сияқты. Қазір ауыл шаруашылығын субсидиялау немесе несиелендіру екінші деңгейлі банктермен немесе арнайы агронесиелік корпорация сияқты қаржы институттары арқылы жүзеге асады. Бірақ мұнда бірізділіктің болмауы нәтижені көруге мүмкіндік бермейді. Сол үшін де Агробанк сияқты арнайы орган ашылатын болса, онда қаржының қайда кеткенін де, оның қалай игеріліп, қалай пайда тауып жатқанын да байқауға болады. Яғни, мемлекеттен берілген әрбір тиын жұмыс орындары ашылып, салық төлейтін база қалыптасып 5-6 жылда еселеніп қайтуы керек. Жеңілдетілген несие беру кезінде де нақты қандай тұғаларға, қандай салық төлеушілерге, кәсіпорындарға беріледі деген сияқты мәселелерді қарастыруымыз керек. Ол нақты экономикаға өнім өндіретін кәсіппен айналысатын болса ғана осы жеңілдікке ие болады. Ал ақшаны алып әрі қарай ешқандай да өзгеріс жасамайтын ауылшаруашылық өндірушілеріне бұл жеңілдіктер тоқтап қалатындай тетіктері қарастырылуы керек деп ойлаймын.

– Одан бөлек, Президент әлеуметтік әмиян мәселесін қозғады. Бұл әлеуметтік салаға бөлінетін қаражат-

ты үнемдеуге қалай көмектеседі деп ойлайсыз?

– Мемлекет басшысының президенттік сайлауалды бағдарламасында әлеуметтік мәселеге аса назар аударғанын байқаған едік. Бюджеттің 40 пайыздан астамы әлеуметтік жоба шығындарына қарай бағытталғаны – соның көрсеткіші. Әрине, бұл мынау Әділетті Қазақстан орнату кезінде жалпы халықтың жағдайын ойлауға өте тиімді. Бірақ бізде әлі де болса мемлекеттен беріліп жатқан қаражатты заңсыз немесе ретсіз де пайдаланып қалатындардың қатары көбейуде. Бұл – масылдық психология. Мысалы, ауылдық жерлерде көпбалалы отбасы ретінде, жұмыссыз ретінде тіркеліп, ешқандай жұмыс істемей, сол балаларға берілетін жәрдемақымен, жұмыссыздыққа берілетін қаражатпен жан бағып отырған азамат өмір сүруге болады. Осындай кері әсерлердің нәтижесінде кейінгі уақытта «әлеуметтік әмиян» деген көзқарас қалыптасып келеді. Сол арқылы мемлекет беріліп жатқан әлеуметтік көмектердің мақсатты жұмсалудың қадағалайды. Болашақта мемлекетке, экономикаға пайдасы жоқ ешқандай да жұмыс істемейтін, салық төлемей, зейнетақы төлемдерін жасамайтын азаматтарды есепке алып, әрі қарай солармен жұмыс істеуге жол ашады. Мемлекетке ешқандай пайда әкелмей, тек жәрдемақымен күн көретін азаматтардың көбеюі күн санап өсіп жатыр. Бұл үлкен әлеуметтік мәселеге айналуы мүмкін. Ол өз кезегінде экономикаға артық салмақ салады. Осындай экономикадағы түсініксіз жайттардың алдын алу үшін де әлеуметтік әмиянның қалыптасуы – уақыт күттірмейтін мәселе.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН

БЕЛЕС

5 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

Сонымен, тарихи шешім қабылданды. Енді бір айдан соң Қазақстан халқы елімізде АЭС салу немесе салмау мәселесін жалпыхалықтық референдум арқылы шешеді. Осылайша, қазақстандықтар мемлекет дамуына тікелей әсер ететін, тіпті энергетикалық тұрғыда өзгеге кіріптар боламыз ба, әлде бұл салада тәуелсіз күн кешеміз бе дегенді анықтайтын таңдау жасайды. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында ел өміріндегі маңызды қадам жұртшылықпен бірге жасалуы керек екенін атап өтті.

БЕЙБІТ АТОМНЫҢ БЕРЕКЕТІ МОЛ

Амангелді ҚҰРМЕТ

Президент жаһанда энергия тапшылығы үдеп бара жатқанын әрі Қазақстанға сенімді және экологиялық таза қуат көзі қажет екенін атап өтті. «Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беріміз керек деп ойлаймын. Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр. Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін. Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын. Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек», – деді Президент өз Жолдауында. Сонымен бірге референдум мерзімін де атаған еді. Арнайы Жарлыққа да қол қойды. Енді бұқараның дұрыс шешім қабылдағаны керек.

ЭНЕРГИЯ ЖЕТКІЛІКТІ БОЛСА ЭКОНОМИКА ДАМИДЫ

Негізі, энергия тапшылығының туындауы мәселесі соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Мамандардың есеп-қисабынан бөлек, адамдардың энергияны

2035 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ЭНЕРГЕТИКА ТЕҢГЕРІМІ

2035 жылға қарай **26,5 ГВт-тан астам жаңа генерация енгізіледі**



9550 МВт

7121 МВт

2400 МВт

4404 МВт

3046 МВт

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК

ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

ЖЭК


ГАЗ

АЭС

КӨМІР

ГЭС

2035 жылға дейінгі жаңа қуаттардың құрылымы



энергия кетеді. Әлбетте, iPhone немесе Galaxy S сериясы сияқты фагман гаджеттердің энергия тұтынуы одан көп. Енді есептеп көрейік, қуаттауына 5 ватт/сағ энергия кетсе, 12 млн смартфон күніне 60 млн ватт/сағат немесе 60 мың киловатт/сағат қуат жұмсайды. Миллиардтаған киловатт/сағат энергия өндіретін Қазақстан үшін 60 мың киловатт/сағат көп емес, әрине. Бірақ бұл қуат смартфондарға ғана кетуі мүмкін екенін әрі жылына 21 млн 900 киловатт/сағат жететінін ескеру керек. Оған тұрмыста қолданылатын өзге жабдықтар, өндірістер, шаруашылықтар тұтынатын энергия мөлшерін қосыңыз. Әрі энергия тұтыну күн санап өсіп барады. Айталық, 2024 жылдың 7 айында Қазақстанда 69,3 млрд кВт/сағат электр энергиясы өндірілсе, пайдаланылғаны 69,5 млрд кВт/сағат. Демек, қазірдің өзінде электр энергиясын импорттап отырмыз деген сөз.

АЭС НЕГЕ «ЖАСЫЛ»?

Бүгінде жаһандағы климаттық өзгерістер адамзат баласын алаңдатып

отыр. Қазақстан да жаһан елдерінің алдында жауапкершілік алған. 2060 жылға қарай атмосфераға көміртегін шығаруды мейлінше азайтуға тиіспіз. Сондықтан көмір жағатын жылу электр стансаларынан бойды аулақ салмақ керек. Өйткені Жер шарындағы орташа температураның өсуі адам денсаулығына, қоршаған ортаға кері әсер етеді. Мысал ретінде Қазақстан ауаға шығарып жатқан парниктік газды «жіліктеп» көрейік. Озон қабатын жұқартып, жердің бетін ысытып жатқан парниктік газдардың 81,6%-ы көмірқышқылы газы екен. Оның бәрін органикалық отынды, көбіне көмірді жағу арқылы ауаға шығарып жатырмыз. Парниктік газдың 12,4%-ын құрайтын метан пайдалы қазба өндіру барысында ауаға шығады. Ал жалпы парниктік газдарды ауаға шығаруда көш басында 78%-бен энергетика саласы тұр. Энергетика саласында көмір пайдаланатын ЖЭО-лардың үлесі басым екені баршаға аян. Оның үстіне, олар тек көмірқышқылы газын бөлмейді. Иәсе жүретін өзге де зиянды заттар бар. Ал АЭС-тер ондай зиянды зат бөлмейді. Сол себепті әлемдегі белді экологиялық



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында АЭС салу тақырыбына арнайы тоқталды. Белгілі болғандай, 6 маусымда жалпыұлттық референдум арқылы АЭС керек пе, жоқ па деген сұраққа нүкте қойылатын болады. Осы орайда біз «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС-ның атом энергетикасы бөлімінің жетекші инженері Асуан Сиябековті өңгімеге тартқан едік.

Асуан СИЯБЕКОВ,
инженер:

БІЗ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СҮЙЕНЕМІЗ

– Сіздіңше, Қазақстанға атом электр стансасы керек пе?

– АЭС салу немесе салмау мәселесінде біз көп жағдайда әлемдік тәжірибеге сүйенеміз. Бүгінде әлем бойынша 31 елде 415 атом реактор бар. Басым көпшілігі дамыған елдерде, дамушы елдерде де бар. АҚШ-та, Францияда, Ресейде, Оңтүстік Кореяда, Қытайда соңғы жылдары АЭС-тің алға жылжуы қатты байқалады. Біз таадау, сараптау, зерттеу мақсатында дамушы елдердің, жаңадан АЭС-ын қолға алып жатқан елдердің портфельдерін қарасақ болады. Оның ішінде Түркиядағы «Аккую» АЭС-ын, Біріккен Араб Әмірлігіне Корей елінің KHNP деген корпорациясы салып берген стансаны айтпағанда. Екі елде де 4 блоктан тұратын АЭС жұмыс істей бастады. Түркия бұған дейін мүлдем атом энергиясын қолданбаған мемлекет, маман, кадр барлығын нөлден бастады десек болады. Бұл елдерге АЭС қалай әсер еткенін айтар болсақ, Ресей АЭС сала бастаған кезде Түркияның Мерсин облысында халық саны 1 жарым-ақ болған болса, қазір мұнда 30 мыңға жуық адам өмір сүріп жатыр. Ресей 2024 жылы эксплуатацияға береміз деген болатын, геосаяси жағдай-

ларға байланысты шығар, қазір уақыты шегеріліп жатыр. Бірақ ауданға тигізген мультипликативті әсері өте мол. Ал БАӘ-ні алып қарастырсақ, АЭС-ты халық мүлдем білмейтін, игермеген десек болады.

Ал біздің елде қадр бар, зертханалық реакторлар бар, одан басқа өз заманында әлемде болмаған БН350 деген атом электр стансасы да болды, қазір Қазатомөнеркәсіп мекемесі бар дегендей, яғни бізге атом энергиясы деген таңсық емес. Кореялықтар БАӘ-не уақытында келісілген қаражатқа сай, кадрдан бастап бәрін даярлап берді, 4 энергия блогының үшеуін іске қосты. Ол алтын эталонды АЭС деп аталады. Өйткені белгіленген қаражатты уақытында игерген, МАГАТЭ-нің қауіпсіздік ұсыныстарына сай салынған станса. Әлемдік тәжірибеде осы реакторларды қарастыра береді. Алысқа бармай-ақ көршілес Өзбекстанда да қазір атом энергиясын дамыту және АЭС салу бойынша да жұмыстар жүріп жатыр. Олар референдум арқылы емес, Үкімет өзі шешім қабылдап, ары қарай жұмысқа кірісетін сияқты.

– Егер референдумда халық қолдаса, біз қай елдің тәжірибесіне жүгінгеніміз дұрыс деп ойлайсыз?

– Қазір әлемде АЭС-тің жаңа дәуірі басталды десек болады. Көптеген ел АЭС салуға кірісіп жатыр. Біздің елімізге Ресейден Росатом компаниясы, Қытай елінен CNNC компаниясы, Кореядан KHNP компаниясы, Франциядан EDF компаниясы салады деген таңдау бар. Мәселен, әртүрлі ел салуына да болады, бірақ әртүрлі ел салса да, бір ел салса да түрлі тәуекел кездеседі. Әлемде АЭС-тің кіші модульді түрі де дамып жатыр, бірақ олардың істеп тұрған реакторлық технологиялары жоқ. Әлемде 80-нен астам концепция бар, 4-5-еуінде ғана алға жылу жұмыстары жүріп жатыр. Ал неге америкалықтар немесе япондықтар емес дегенге келер болсақ, еліміз олардан да техникалық-коммерциялық ұсыныстар алғанбыз, бірақ олар кіші модульді реакторлар ұсынған болатын. Біздің мемлекетіміз бірінші деңгейде қауіпсіздік мәселесін қарайды. Кіші модульді реакторлық технологиялардың жұмыс істеп тұрған прототиптері болмағанын кейін, тәжірибеден өтпегеннен кейін оларды елімізге алып келу оңтайлы шешім емес. Бізге жұмыс істеп тұрған, өзінің жұмысын көрсеткен, осы күнге дейін қандай да бір

кем-кетігі дұрыс талған реакторлық технологияны қарастырып жөн.

МАГАТЭ-нің басты екі ұстанымы бар, біреуі – ядролық қаруды таратпау, екінші – атом энергетикасын дамыту, оның ішінде АЭС салу. Осы АЭС салу бойынша МАГАТЭ дамушы елдерге, яғни АЭС енді салып жатқан елдерге жұмыс өтілі бар реакторлық технологияны қарастыруға ұсыныс береді. Егер де ондай жоқ болатын болса, ол зертханалық мақсаттағы ел болып қалады. Сондықтан тәжірибеден өткен, жұмыс өтілі бар үлкен реакторлық технологияны қолданған дұрыс деп отырмыз. Өйткені олар бізге неге үлкен десек, 1200-1400-ге мегаваттқа дейінгі реакторлық технологиялардың біздің энергожүйемізге орнығуы, болашақта болатын тапшылық, 2030-2035 жылдары болатын энергия тапшылығын жабу мақсатын да қамтуы қажет. Энергетиктердің пайымдауына, 2030 жылға дейін 2,8 ГВт жетіспеушілік болады. Дәл осы дельтаны жабу үшін үлкен қуатты реакторлық технологияны қарастырып тиімді.

– АЭС салуға қай жер таңдалуы мүмкін?

– Бірінші – Абай облысы, екіншісі – Балқаш көлінің маңайы. Бірақ келешек энергия тапшылығы оңтүстік аймақтарда болатынына байланысты оңтүстіктегі тұтынушыларға тиімді болуы үшін оңтүстік аймаққа қарай салған жөн деп ұсынып отырмыз. Ол – Балқаш маңайындағы Үлкен деген ауылы. Ол жер инфрақұрылымдық жағынан да дұрыс, бірнеше үлкен жобалар қарастырылған аймақ. Онда Атом электр стансасы және Жылу электр стансасының жобалары болған, сол себепті ол жақта бірінші тараптағы жұмыстар жүргізіліп бастаған, инженерлік ізденістен бастап құжат жұмыстары бәрі жасалған, өкініштісі аяғына дейін жетпеген. Бірақ Балқаш көлінің тура қасы, дәл осы жер деген мәселе әлі анықталған жоқ.

Егер референдум жұмыстары оң болса, жұмыстар ары қарай жалғастырылады. Келесі жұмысымыз – инженерлік ізденістер. Бізге көп жағдайда неге қоршаған ортаға әсерін бермейсіңдер, неге техникалық-экономикалық құжаттама жұмыстары жоқ деген сияқты сұрақтар қойып жатады. Олар – реакторлық технология таңдалғаннан кейін жасалатын жұмыстар. Таңдау болғаннан кейін техникалық-экономикалық негіздеме барысында, инженерлік ізденістер негізін-

ұйымдар АЭС-терді «жасыл энергетика» көзі ретінде қарастырады. (инфографика)

Айтпақшы, ел ішінде «Неге АЭС-ке жабысып қалдық? Жел, күн, су энергиясын дамытсақ болмай ма?» дейтін сауал да бар. Мұндай пікірді, шамасы, Қазақстанның энергетикалық стратегиясынан хабары жоқ азаматтар айтатын сияқты. Әйтпесе, жаңғыртылатын қуат көздерін дамыту да еліміздің басымдықтары қатарына кіреді. Энергетика министрі Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары Гүлмира Мұрсалова бізді еліміздің 2035 жылға дейінгі энергетика теңгерімі жобасымен таныстырған-ды. Аталған құжатта жаңғыртылатын энергия көздерінің үлесі 36% болатыны көрсетілген. Яғни, Қазақстан экономикасына жел, күн қатарлы қуат көздері 9550 МВт энергия береді. Газ пайдаланатын стансалар 27%-дық үлеспен 3046 МВт энергия өндіреді. АЭС үлесі 2400 МВт көрсеткішпен 9%-ды құрайды. Демек, энергетика секторында диверсификация бар деген сөз. Біз АЭС-ке ғана көңіл аударып отырған жоқпыз. Өзге бағыттар да ескерілген. Алайда АЭС-тегі белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті 90% болса, жел стансаларының мұндай көрсеткіші 35%, күн энергиясыныңкісі 18% екенін ескеру керек. АЭС өндіретін 2,8 ГВт қуатты күннен алу үшін 4 мың гектар жерге 8,05 ГВт-тық жел электр стансасын, 28 мың 860 гектар алаңға 14,43 ГВт-тың күн электр стансасын салу керек. Бұл дегеніміз – Астана қаласы аумағының жартысына жуығындай жер. Елорданың жалпы ауданы 72 мың 200 гектар болады. Сол себепті АЭС-тің маңызды арта түспек. Оның үстіне, АЭС-тер 60 жыл, күн және жел электр стансалары 15 жыл жұмыс істейтінін де ұмытпаған жөн.

Міне, осы факторлар ескерілсе керек, әлемде қазір қуаты 62 мың МВт болатын 60 реактордың құрылысы жүріп жатыр. Осылайша, тұрақты дамуды мұрат еткен мемлекеттер бейбіт атомның игілігін көруге ұмтылып келеді. Қазақстан да осы үрдістен тыс қалмағаны жөн.

де нақты жер көрсетілетін болады, сосын қоршаған ортаға әсері туралы құжаттама жұмыстары жасалады. Мұның бәрі ашық деректер негізінде экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өтіп, халық өзі белсене атсалыса отырып бекітіледі деп ойлаймын.

Мұндай үлкен объектілер аралас салаларда да жұмыс орнын тартады. Бизнес өкілдерін жұмылдырып, инфрақұрылымды айтпағанын өзінде, заңды негізде салықтың түсуі, сертификаттау, аккредитация секілді талаптарға сай ауқымды жұмыстар атқаруға болады. 8 мың -10 мың адамға дейін жұмыспен қамтылады. Олардың отбасы, балаалары бар дегендей мектеп, балабақша, жол қатынастары мәселелері шешіледі.

– Халықтан қолдау тапса, жұмыс қашан басталады деп жоспарланған?

– Алдымен қай елдің технологиясы таңдалады, оған техника-экономикалық негіздеме жасалады, инженерлік ізденістер жасалады, одан кейін оның барлығы экспертизадан өтеді, сосын жобалық-сметалық құжаттама бар... Яғни, 2024 жылы қай елге салдыратынымызды таңдасақ, 2025 жылдардан бастап 2029 жылға дейін тек құжаттама жұмыстары жүргізіледі. Бірінші бетон 2029 жылы басталады құйыла, 2034-2035 жылдары алғашқы блоқты көруге болады.

Әлемдік тәжірибеде АЭС 10-12 жылда салынады. Тіпті, кейбір елдер 15-20 жыл салып жатыр. Оған дейін жеткізбеу үшін технологияны дұрыс таңдау керек. Қазір таңдалып отырған төрт ел де бірдей қуатты. Технологиялық жағынан қарайтын болсақ, Ресей федерациясы 50-жылдардан бастап салып келеді. Француз елі де дәл сондай реакторлық технологияларды 60 жылдан бері франко-герман технологиясымен салады, технологиялары өте мықты. АҚШ біздің шорт-парағымызда жоқ. Олардың да мықты тәжірибесі бар. Қытай да технология жағына бәріміз білеміз мықты, олар оптимизация процесін барлығын өте жоғары деңгейде жасаған. Мысалы, Қытай мен Корей елінде құрылыс мәдениеті деген бар. Олар айтқан уақытында келісілген қаржыға ешқандай керексіз салып беру тәжірибесі қалыптасқан. Біздің ел Ресеймен көрші болғандықтан, біздің ірі жобалар бар.

– Рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

МӘСЕЛЕ

ТАҢБАҢДА НЕ СЫР БАР,
ТАҢБАЛАУ ЖҮЙЕСІ?

(Басы 1-бетте)

Алдос СЕНБАЙ

Алматы облысының Кеген ауданындағы дәріхана провизоры, менеджері Гүлсая Асхатқызы мұның дәріханаға түскенде, қабылдау-тапсырудың электронды актілерін және басқасын Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесіне беріп

Бұл – машақаты көп нәрсе. Оны жүргізу үшін қосымша қызметкерлер алуға тура келді. Мысалы, кез келген дәрі дәріханаға түскенде, біз олар туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, қабылдау-тапсырудың электронды актілерін және басқасын Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесіне беріп



отыруға міндеттелді. Осыған байланысты қосарлама жұмысты атқаруға тиіспіз: біріншіден, маркаланған дәрілерді қабылдау рәсімдерін атқарып, оның бәрін әлгі жүйеде тіркеуіміз қажет. Екіншіден, халық оны сатып алғанда, дәрі-дәрмектің айналымынан шыққанын жүйеде куәландыруға тиіспіз, – деді сарапшы.

Оның айтуынша, компания ақпараттық жүйеге тіркеу жұмыстарына шығындалған. Осы және басқа шығындарды дәріханалар желісі дәрі-дәрмек бағасын жоғарылату арқылы өтейді. Бұдан бөлек, ауданда интернет нашарлау болғандықтан, ақаулар туындап, ақпараттық жүйеге мәлімет беру уақытылы жүзеге аспайды, кейін енгізе, қабылданбауы мүмкін. Мұның сыртында, дәрілік препараттарды, медициналық бұйымдарды сатқанда, дәріханашылар оның әрқайсысының таңбалау кодын қасқада арнайы сканермен қосымша сканерлеуі қажет.

«Біз ондай сканерді Қытайдан сатып алдық, бірақ онысы жарамайтын болып шықты. Қос өлшемді 2D кодты есептей алатын арнайы сканер талап етілетін болып шықты. Оны ресейлік жеткізушілер жеткізеді. Сондай-ақ әрбір дәрінің қорабы таңбалауға алады. Ал біздің ауданның халқы өңір үшін жаппай енгізілгенімен, ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту проблемасын шешкен жоқ. Ауылға ұшырғы интернет келуі үшін мемлекет тиісті қаржы бөлуі қажет. Біздің тарапымыздан жарты жыл бойы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Алайда таңбалау үкәнен шығындарды талап етеді. Шағын дәріханалар оны еңсере алмай жатыр, – деді Нұралы Ергебаев.

Жамбыл облысының кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Нұралы Ергебаевтың түсіндіруінше, таңбалау саласында уәкілетті орган мен кәсіпкерлер арасында түсінбеушілік сақталып тұр.

Таңбалауды енгізуден бизнес пен тұтынушылардың зардап шекпеуі маңызды. Көптеген мәселені облыстық деңгейде шешу мүмкін емес, проблемалардың шешімі республикалық деңгейге, Үкіметке барып тіреледі. Мысалы, таңбалауды барлық өңір үшін жаппай енгізгенімен, ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту проблемасын шешкен жоқ. Ауылға ұшырғы интернет келуі үшін мемлекет тиісті қаржы бөлуі қажет. Біздің тарапымыздан жарты жыл бойы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Алайда таңбалау үкәнен шығындарды талап етеді. Шағын дәріханалар оны еңсере алмай жатыр, – деді Нұралы Ергебаев.

НАРЫҚ – БЮРОКРАТИЯНЫҢ
АЛЫП ТОЛҚЫНЫНДА

«Amanat» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Вера Ким таңбалау фармацевтикалық салаға ауыртпалық әкелгені жеткізді. Үкімет таңбалауды енгізудің негізгі мақсаты сапасыз, фальсификацияланған және контрафакт дәрілік препараттардың саудаға шығуына жол бермеу екенін атады. Әйткенмен, бұрын тері бұйымдары, аяқкиім, басқа өнімдерге қатысты енгізілген таңбалау жалған, контрабандалық өнімдердің сатылуына еш

тосқауыл қоя алмады. Керісінше, саудадағы заңды, түпнұсқа өнімдердің бағасын көтеріп жіберген.

– Дәрілік құралдарды таңбалауды және қадағалауды енгізгенде осы жүйенің бірыңғай операторы «Қазақтелеком» шығынды ақпараттық жүйені ұсынды. Бірыңғай оператордың жүйесінде тіркеліп, жұмыс істеу үшін нарық қатысушылары аса қымбат жабдықтарды, IT-фирмалардың қосымша қызметін сатып алуға мәжбүрленді. Бұл әсіресе, ауыл-аудандарда ұсақ дәріханалардың жабылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондай-ақ дәрілердің құны 27%-ға дейін шығандағы деп жатыр. Үкімет нарыққа адал қызмет ететін бизнеске жаңа талаптар қойып, тәртіпті қатайтты. Сонымен

көлемі, серіктес-контрагенттері және басқасы «коммерциялық құпияға» жатқызылған. Үкімет таңбалауды күштеп енгізу арқылы осы құпияларды операторға – «Қазақтелекомға» қолжетімді етті. Депутат Сағандықова «Қазақтелекомның» шетелдік бағдарламалық қамтылымды пайдаланатынын айтады. Соның кесірінен, бизнестің коммерциялық құпиялары шетелдіктерге қолжетімді болмай ма? Депутаттар бұдан ұлттық қауіпсіздікке қатер төнуі мүмкін деп қауіптенеді. Аяқкиім, дәрі-дәрмек және басқа да халық кең тұтынатын тауарлардың қоры мен қалдығы туралы егжей-тегжейлі ақпаратты жаттың білуі жақсылық әпермесі сөзсіз.

ТАҢБАЛАУДАН ПАЙДА БАР МА?

Үкімет басшысы Олжас Бектенов депутаттарға жауабында тауарларды сәйкестендіру (DataMatrix-код) кодымен таңбалау – Қазақстанның Еуразиялық одақ аясындағы халықаралық міндеттемесі екенін еске салды. Оның түсіндіруінше, тауарларды таңбалап, қадағалау Үндістан, Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық одақ елдері ішінде де қолданылады. Ал Еуразиялық одақ аясында Ресей мен Қазақстан белсенді енгізіп жатыр. Беларусь пен Қырғызстан ішінара қосылды. Армения одан бас тартқан.

– Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесінің (ТТҚАЖ) бірыңғай операторы «Қазақтелеком» қазақстандық бағдарламалық қамтылымды пайдаланады. Аталған жүйеде сақталатын және өңделетін мәліметтер «Қазақтелеком» АҚ-ның Data-орталығында, қорғаныш контурсында сақталады. Оның деректерді өңдеу орталығы жабдықтары мен инфрақұрылымының сенімділігі жөнінен халықаралық стандартқа сай. 2022 және 2023 жылғы қазанда ТТҚАЖ-дың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сыналды. Қорытындысында бұзушылықтар анықталмады, – деді О.Бектенов.

Ол тауарлардың әртүрлі тобын таңбалау арқы қарай да кезең-кезеңмен ендіріле беретінін хабарлады. Бірінші болып 2016 жылы аң терісінен жасалған бұйымдар мен киімдерге, тон-ішіктерге таңба басу бастау ады. 2020 жылғы 1 қазаннан – темекі өнімдеріне, 2021 жылғы 1 қарашадан – аяқкиімдерге, 2024 жылғы 1 шілдеден барлық дәрі-дәрмекке таңбалау енгізілді.

Премьердің мәліметінше, темекі өнімдерін міндетті таңбалау қолға алынғалы олардың барлық түрі бойынша акциз түсімі 46,8%-ға өсті. 2019 жылғы 191,5 миллиардтан 2023 жыл қорытындысында 281,1 млрд теңгеге дейін жетті. 2022–2023 жылдары жалпы сомасы 12 млрд теңге тұратын заңсыз темекі өнімдері табылды.

Импортталатын аяқкиімдер бойынша қосылған құн салығы және кедендік баж 2021 жылғы 7,8 миллиардтан 2023 жылғы 32 млрд теңгеге дейін 4 есе өскен. Десек те, мұнда таңбалаудың емес, бірінші кезекте, Әділетті Қазақстан қағидаттарын жүзеге асыру, коррупциямен күрес аясында кеденді

бір мезгілде оларды ынталандыру немесе қаржылай қолдау мәселелері әлі күнге шешілмеді, – дейді депутат.

2023 жылы қазақстандық дәрі-дәрмек нарығында 1,38 миллиард қорап айналымда болған. Осыдан-ақ шенеуніктердің фармацевтика саласына, отандық дәріханалық бизнеске қандай бюрократиялық кедергі тудырғанын байқауға болады. Республика бойынша 8,5 мың дәріхана, 100-ден аса фармацевтикалық компания мен импорттаушы компания, 500 дистрибутор, 1800-ден аса аурухана, клиника мен емхана сол миллиардтық қораптың әрбір бірлігін «қолмен істеу режимінде» қабылдап, босатып, жүйеден шығаруға міндеттеді. Мәжіліс депутаттарының дабы қағуынша, мұндай бюрократия проблемалары тау басынан құлаған қар жентегіндей қордалана келе, ел халқың, медициналық ұйымдарды дәрімен үздіксіз қамтамасыз етуге қауіп төндірмек. Тиісінше, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі ықтимал.

Тағы бір күрмеулі проблема шешімін таппады: Қазақстанның бүкіл аумағы интернетпен толық қамтылмады. Сондай-ақ мемлекет электр қуатының тапшылығы ушыққанда «веерлік ағытуларға» көпше, болмаса, төтенше жағдайлар туындаса, жүйеде ақаулар болса нарық қатысушыларының іс-қимылдарын

2023 жылы қазақстандық дәрі-дәрмек нарығында 1,38 миллиард қорап айналымда болған. Осыдан-ақ шенеуніктердің фармацевтика саласына, отандық дәріханалық бизнеске қандай бюрократиялық кедергі тудырғанын байқауға болады.

регламенттейтін, оларға жөн-жол нұсқайтын нормативтік-құқықтық база түзілмеген.

Бұған қоса, шетелде өндірілген препараттарды таңбалауға байланысты «Маркировка» модуліне қатысты мәселелер пысықталмады. Қазақстан дәрі-дәрмектің шамамен 85%-ын шетелден тасиды. Сирек кездесетін ауруларға шалдыққан адамдарға бірреттік әкелінетін дәрілік құралдар үшін код алуға мүмкіндік жасалмағаны әшкереленді. В.Кимнің айтуынша, салдарынан дистрибуторлық компаниялар жүйеде код берілмейтін дәрілерді сатып алып, елге әкелуден бас тартады. Азаматтарға оны заңсыз жолдармен тасуға тура келемек. Ендеше контрабандаға керісінше, түрткі болады. Сондай-ақ халықтың денсаулығына қатер төндіреді.

Мәжіліс депутаты Ажар Сағандықованың байламынша, таңбалаумен тауарлардың «өмірлік циклі», өндірістен өткізілгенге дейінгі қозғалысын нақты қадағалау үшін осы процеске қатысушылардың бәрінің септік жүйелерін бір-бірімен интеграциялау қажет болады. Басқаша айтқанда, өндірушілердің, дистрибутор-импорттаушылардың, көтерме сауда компанияларының, дилер мен бөлшек саудагерлердің, сауда орындарының бәрінің жүйелері өрмекшінің өрмегіндегі бір-бірімен тығыз байланысып жатуы тиіс.

Бірақ бұл мүмкін емес, неге? Заңға, Кәсіпкерлік кодекске сәйкес, әрбір тауардың қоймадағы қалдығы, сатып алынатын өнімнің

тәртіпке келтіру, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру сияқты шаралардың жемісі басым болса керек.

Үкімет басшысы бүгінде Қаржы министрлігінің алкогольді өнімдерді таңбалаудың пилоттық жобасын пысықтап жатқанын жеткізді. Жалпы, ішімдіктер бұрыннан есептік-бақылау маркаларымен таңбалаумен: шөлмектердің мойнына акциздік марка жапсырылады. Оны сканерлеу арқылы өнімнің шынайы елде жалған екенін, басқа да ақпараттың білуге болады. Бұрынғы үкіметтер осы арқылы әрбір арақ-шартың өндірісі бақылауда екенін сендірді. Алайда қазіргі Үкімет ол марканы тиімсіз деп танып, DataMatrix-кодымен таңбалаумен ауыстырмақ.

Қорыта айтқанда, бизнесмендер таңбалау салдарынан қандай проблемаларға ұрынғанын ашық айтты. Олардың бәрі бірдей шешімін тапқан жоқ. Мысалы, Үкіметтің өзінің тадауы көрсеткендей, сүт өнімдерін таңбалауды енгізумен байланысты ірі өндірушілердің шығыны 5,8%-ға дейін, орта кәсіпорындарда – 3,2%-ға, ұсақтарында – 2%-ға дейін өскен. Өйткені өнім өндіретін бір ғана желіні тиісті жабдықтау шығыны 9,2 миллион теңгеден асқан. Бәлкім, бизнес пен депутаттардың жанаңқайына құлақ салып, әлемде сирек ел ғана қолданатын, контрафакті тасқынына тоспа құра алмаған бұл жобаны тоқтата тұрған да әділетті болар ма еді, кім білсін?

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТКЕ
ЖАҢАШЫЛ
ЖАСТАР ҚАЖЕТ

Елдің мемлекеттік органдарын кадрлық қамтамасыз ету мәселесі республикалық деңгейде де, өңірлік деңгейде де бүкілқазақстандық мемлекеттік қызметтің жүйелі проблемасы болып отыр.

Бұл ең тартымды еңбек жағдайларын ұсынатын республикалық органдарға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметке әлеуетті кандидаттарды таңдау мүмкіндігі шектеулі жергілікті билік органдарына да әсер етеді. Мемлекеттік қызметке белсенді және талантты жастарды тарту, сондай-ақ олардың қатарынан резервтер қалыптастыру үшін тиісті жағдайлар жасау жөніндегі міндет бүгінде аса өзекті.

Осыған байланысты елімізде Мемлекет басшысының бас-тамасымен пайда болған және талантты жастарға мемлекетте жоғары басқару лауазымдарына орналасуға мүмкіндік беруге бағытталған Президенттік жастар кадрлық резерві институтына неғұрлым маңызды рөл беріледі. Бұл жоба жас ұрпаққа өздерінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін негізгі және жауапты лауазымдарда іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жас кәсіпқойларға деген сұраныс республикалық деңгейде ғана емес, өңірлер деңгейінде де бар екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Өңірлік кадр резервін құру жобасын іске асырды.

Билеттерге маусым айында Мемлекет басшысы өңірлер үшін резервшілерді қалыптастыру және тағайындау жөніндегі тиісті ережелерді бекітті. Биылғы наурыз айынан бастап бүкіл ел бойынша, оның ішінде Абай облысы бойынша кандидаттарды іріктеу үдерісі басталды. Жобаның негізгі мақсаты – өңірлердің дамуына әлеуетті ұлес қосуға қабілетті және жас талантты басқарушылар пулын құру.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «елге жауапкершілікті өз мойнына алып, стандартты емес және тиімді шешімдерді енгізуге дайын жаңа құраманың командасы қажет. Дәл осындай адамдар бүгінде экономика мен әлеуметтік салада елеулі нәтижелерге қол жеткізу үшін қажет».

Абай облысының өңірлік кадрлық резервіне іріктеуден өту кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Кезеңдерге құжаттарды қабылдау, заңнаманы білуге тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау, құзыреттерді бағалау, комиссиядағы құрылымдық сұхбат және кандидаттарды резервке енгізу бойынша комиссия отырысын өткізу кірді. Іріктеудің бірінші кезеңінде 398 өтінім берілді. Оның ішінде 234 үміткер заңнаманы білуге тестілеуге жіберілді. Жеке қасиеттерін бағалау кезеңіне 103 үміткер жіберілді. Оның қорытындысы бойынша 52 кандидат шекті деңгейден өтті, олардың 51-і құзыреттілікті бағалауға жазылды. Құзыреттілікті бағалау кезеңінен өту қорытындысы бойынша сәтті өткендердің саны 41-ге жетті. Олардың 38-і гана құрылымдалған сұхбатқа қатысуға ниет білдірді.

Сұхбат кезеңінде кандидаттар өз жобаларын әлеуметтік сала, экономика және қаржы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, цифрландыру, экология, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, сондай-ақ индустрия және өнеркәсіп сияқты жеті бағыт бойынша таныстыру форматында облыстық кадр комиссиясы алдында қорғады. Комиссия қатысушыларды талдау қабілеттерін, білім тереңдігін және коммуникативтік дағдыларын ескере отырып, бес балдық шкала бойынша бағалады.

Іріктеудің барлық кезеңдері қорытындысы бойынша Абай облысының өңірлік кадрлық резервіне 25 резервші қабылданды. Бұл жастар жеке бизнес пен квазимемлекеттік сектордан бастап мемлекеттік басқару органдарына дейінгі түрлі саланы білдіреді.

Айта кетерлік, өңірлік кадр резервін қалыптастыру облыстың жергілікті атқарушы органдарында кәсіби кадрларға деген қажеттілікті туындауымен тұспа-тұс келді. Бүгінде облыста 55 бос басшылық лауазым бар. Резервке алынған адамдар сайланбалы лауазымдарды қоспағанда, екі жыл ішінде өңірдің мемлекеттік қызметінде жауапты позицияларға ие бола алады. Тағайындау мүмкіндігі кандидаттардың өз қалауларына да байланысты.

Осылайша, Өңірлік кадрлық резервті қалыптастыру талантты жастардың алдында өңірдің дамуына өз үлесін қосуға, сондай-ақ жаппай елдің дамуына өз тиімділігін көрсету мүмкіндік береді.

Барлық мемлекеттік қызметтің тиімділігі де қызметшілердің тиімділігіне байланысты болғандықтан, ол әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің, бәсекеге қабілеттіліктің және еліміздің халықаралық деңгейдегі беделінің өсуіне әсер етеді. Бұл ретте мемлекеттік аппараттың кәсіби құзыреттілік, еңбекке ынталандыру, зияткерлік және шығармашылық әлеует, жоғары эрудиция және білімділік, жоғары мораль, адамгершілік, мәдениет және руханият қағидаттарында қалыптастырылған кадрлық құрамы – мемлекеттік басқарудың тиімділігін айқындайтын іргелі фактор.

Мемлекеттік органдарға жас мамандарды тұрақты негізде тарту жүйесін, оның ішінде кадр резервтерін қалыптастыру жолымен құру мемлекеттік қызметтің көптеген проблемасын шешуге, оның кәсіби деңгейін көтеруге және қызмет нәтижелерін жақсартуға жол ашады.

Н. ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Абай облысы бойынша департаменті басшысы

ӘЛЕУМЕТ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

ТҮЙТКІЛ

Бүгінде қоғамда бала тілінің кеш шығуы қалыпты құбылысқа айналғандай. Тіпті, тіл мүкісі бар немесе тұтығып сөйлейтін балалардың саны күн санап артып келеді. Бұл жағдай ата-аналарды ғана емес, дәрігерлердің өзін қатты алаңдатып отыр. Баласының кекештеніп, дыбысты дұрыс шығара алмауынан перзенттерін мектепке бере алмай отырған ата-аналар да аз емес. Сонда мұндай жағдайда не істемек керек? Тіл мүкістігін қалай жоюға болады?

ТІЛ МҮКІСТІГІ: ЛОГОПЕДТЕР ҚЫЗМЕТІНЕ КӨҢІЛ ТОЛА МА?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, мамандар бала тілінің кеш шығуын жүктілік кезінде анасының күйзелісте болуы, тұқым қуалаушылық, таңдай не ерінде жырықтың болуы, дыбыс шығару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі, ауыз қуыс бұлшық еттеріндегі ақау, баламен әке-шешесінің сөйлеспеуі, қатты қорқып қалу немесе өзге ауруларға қолданған дәрі-дәрмектің әсерімен байланыстырып жатады.

Әлбетте, балаға жақсы да, жаман да құрсақта жатқанда құйылатындығы белгілі. Баланың сөйлеу қабілетінде болатын ақаулар да сол кезден бастау алуы мүмкін. Логопедтер бала тілінің уақытында шықпауы көп жағдайда ата-анаға байланысты екенін айтады. Себебі ата-ана бала тілін қызық көріп, олар қате дыбыстаған сөздерді қайталап, бала тілін бұзып жатады екен. Тіпті, мұндайды еркелік деп көретіндер де аз емес. Керісінше, әке-шеше баласының шығарған әр дыбысына мұқият қарап, қате сөздерін нақты дыбыстап балаға жеткізу керек.

Мамандар бала бес-алты айдан бастап өзге адамдардың қимылдарын қайталайтын қабілетке ие болатынын айтады. Сондықтан баламен әңгімелескенде айтқан сөзге ғана емес, әрбір қимылға да мұқият болған абзал.

Білікті логопед Гүлжәмила Әбдірайымованың айтуынша, бала тілінің өз уақытында шығуы үшін бірнеше тәсіл бар екен.

– Сәбиге жарық дүние есігін ашқаннан бөксік жырын айту қажет. Бұл баланың есту қабілетімен қатар, түйсігін де дамытады. Бөксік жырында жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң, қатан-ұяң, үнді сынды дыбыстардың барлық түрі қамтыған. Әрбір дыбыс түрін есту арқылы бала анық сөйлеуге бейімделеді. Сондай-ақ баламен көп әңгімелесу арқылы да оны еркін сөйлеуге дағдыландыруға болады.



ЕЛАП ҚАБА (КОЛАЖ)

Баланы бір жастан асқанша оны омыраумен емізуге шектемеу маңызды. Ана сүтін емген бала сору кезінде ауыз қуысындағы бұлшықеттер тез дамиды. Ал бала емізіп отырып анасы бөксік жырын айтса, тіпті пайдасы зор. Өйткені бұл уақытта бала мейірімге бөленіп, өзін қауіпсіз әрі жайлы сезініп, ақпаратты тез қабылдайды.

Баланы ұрып-соғудан мүлдем аулақ болу керек. Бұл психикалық ауытқуларға әкеледі. Ал психикалық ақауы бар балалардың әдетте тұйықталып, сөйлеу дағдысы бұзылатыны белгілі.

Балаларға сүйек немесе құрт мүжіту де өте пайдалы. Бала қалыпты тамақ жеу дағдысына көшкеннен кейін оның ауыз қуысындағы бұлшық етті одан әрі жаттықтыру қажет. Міне, осы кезде бала сүйек не құрт мүжісе оның бұлшық еттері тағы дами түсіп, дыбыстарды дұрыс шығаратын болады. Егер ата-ана осы алдын алу шараларын жасамаған болса, онда бала тілін шығару үшін логопед мамандарға жүгінгені абзал.

Әйтпесе, баланың кекештенуі немесе тұтығып сөйлеуі өмірбаяндық дертке айналып кетуі мүмкін, – дейді Гүлжәмила Әбдірайымова.

Әрине, тәжірибелі логопед маманның сөзі орынсыз дей алмассын. Алайда маман берген кеңесті қазір ата-аналардың дені ескере бермейтіні белгілі. «Сүт шықпады» деп омыраумен емізбейтіні былай тұрсын, балаға бөксік жырының орнына телефонмен шетелдік әндер тыңдатып қоятын әке-шеше аз емес. Ал балаға сүйек мүжіту ұмыт қалғалы қашан. Кезінде көнеңнің көздері қарияларымыз немерелерін қасына алып сүйек тістегіп отыратын болса, қазір еттің орнын түрлі химиялық қоспадан жасалған тағам алмастырды. Тіпті, есейсе де ет жемейтін балалар аз емес. Себебі оларға жастайынан еттің қуаты мен қадірін түсіндірген, соған дағдылаған ата-ана болмаған.

Баласының тұтығып сөйлегеніне алаңдаулы ананың бірі – тараздық тұрғын Әсел Айменова. Ол баласын лого-

педке қанша апарса да, көңіл толарлық нәтиже шықпағанын айтады.

– Баламның алғашқы сөз дыбыстауы дұрыс-ақ болып жүрген. Бір күні ол тұтығып сөйлейтінді шығарды. Дереву дәрігерге апарып едік, жүйке жүйесіне бір жағдай әсер еткенін айтты. Содан баланы невропатологқа апардық. Алайда ол дәрігер баланың жүйке жүйесінде ешқандай ауытқудың жоқтығын айтты. Сұрай келе, мамандар логопедке апаруға кеңес берді. Қабылдауына жазылып едік, арнайы курстан өту қажетін айтты. Ал бір айлық курсы – 75 мың теңге тұрады екен. Күніне 1 сағаттық емін алғаннан кейін қосымша тағы жаттығуы бар. Оған бөлек, 25 мың төлейсің. Сонда бір балаға 100 мың теңге төлеуің тиіс. Балаңнан неңді аяйсың? Бір ай емес жарты жылдық курсың алдық. Алайда көңіл толарлықтай нәтиже болмады. Логопедінен неге нәтиже

шығар. Олардың емі әр балаға әрқалай әсер етуі мүмкін ғой. Алайда жарты жылда бала тілінде түймедей болсын бір өзгеріс болмады деу ойландырмай қоймайды.

Әсел Айменова айтқан қазақы ырым-жоралғыларды жасайтындар да қазір өңірде көп екен. Қала тұрғыны Самат Төлеудің айтуынша, олардың жанұясы да осы ырымдардың барлығын жасап шығыпты.

– Баламды логопедтерге сан апарғанымен айтарлықтай нәтиже шықпағандықтан қазақы ырымдарға жүгінуге тура келді. Ең алдымен нағашылары жаңа сойылған малдың ішегімен қылқындырды. Алайда одан бала шоши түскендіктен апасы дүкенге апарып қалаған затын алып беріп, дүкеннен аяғымен кейін шығарды. Бұл байырғы ырым болғанымен одан да бала тілі шыға қоймады. Содан біреулер қала шетінде баланың басына қорғасын құятын қарияның барын айтты. Оған іздеп барсақ, үйінің алдында ұзын-сонар кезек. Әйтеуір кезегімізді күтіп кірген едік, баламыздың бас жағына су құйылған ыдысты қойып, соған тамшылатып қорғасынды құйды. Тарсыдап тамған қорғасын дауысы бала жүйкесіне әсер етуі керек екен. Әлгі қария тағы бірнеше күн келуіміз керектігін ескертіп қайтарғанымен, тағы бір жеті жүріп құйдырған қорғасынмыздан да түк шықпады. Енді не істерімізді білмей отырмыз. Балам мектеп жасына келіп отырса да, биыл мектепке бермеймін деп шештім. Себебі ұлымды сыныптастары мазақтап, кекетсе тағы жағдайы ауырлап кете ме деп алаңдап отырмын. Қазір баламды басқа облысқа немесе өзге мемлекетке апарып көрсетсем деген жоспарым бар, – дейді Самат.

Шыны керек, бала тілін шығару үшін мал ішегімен қылқындыру ырымын көп естігенімізбен дүкенге апарып артымен шығару, төбесіне ыдыс қойып қорғасын құю деген секілді ырымдар таңсық дүние екен. Алайда одан да көп нәтиже шыға бермейтінін ата-аналардың өздері айтып отыр.

Жалпы, бұл балаалар медицинасына келгенде әлі де болса ақсап тұрған тұсымыз аз емес екенін айғақтауда. Әсіресе, баланың жүйке жүйесінде, психологиясы бағытында көп жұмыс істеуіміз қажет екенін көрсетіп тұр. Мүмкін логопед мамандарымызды өзге мемлекеттердің тәжірибесін танып келу үшін арнайы оқуға жолдау керек шығар. Әйтпесе, әр бұрыштан ашып алған логопедтерден оң нәтиже шықпай отырғанын ата-аналардың шырылы дәлелдеуде. Сондай-ақ логопедтердің де жұмысын бір зердеден өткізу керек-ау. Сонда біліктілері қаалып, қалғандары нарық медицинасынан өздігінен сырғып қалып қояды. Әйтпесе, ел болашағы саналған балааларымыздың денсаулығына кім көрінген «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп ем айта беретін болса, мұның арты жақсылыққа апармайтыны айқын.

РУХАНИЯТ

ЖЕТІ ЖЫЛ ЖАЗЫЛҒАН РОМАН ҮЗДІК АТАНДЫ

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Аптаның алғашқы күні қазақ әдебиеті үшін қуанышты хабармен басталды. Мәдениеттің ошағына айналған Алматы шаһарында қазіргі Қазақстан туралы романдар байқауының 3-маусымының жеңімпазы анықталды. Тәуелсіз бәйгенің ең бір ерекше тұсы да сол, жеңімпазға өмір бойы ай сайын 500 АҚШ доллар көлемінде сыйақы төленеді.

Әдебиет майданында қалам тербеп жүрген ақын-жазушыларға деген мұндай маңызы орасан қолдауды ұйымдастыру үшін қазақстандық «Freedom Finance Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-мен келісімшарт жасалған. Жобаның меценаты, танымал қазақстандық қаржыгер – Тимур Турлов. Одан бөлек, Freedom Finance Global PLC, Freedom Sharpat корпоративтік қоры қолдау көрсетті. Байқау қатысушыларына қойылған басты талап – ұсынылған шығарма бұрын-соңды еш жерде жарияланбауға тиіс.

Ұйымдастырушылар тарапына жалпы саны 40 қолжазба келіп түскен. Оның 17-сі қазақ тілінде, 23-і орыс тілінде жазылған. Бәйгеге қатысуға ниет танытқан авторлардың арасында 10-ға жуық кәсіби жазушы, 7 әйел, 2 университет студенті бар. Ридерлер мен супер ридерлер тобының екі аптаға созылған

жұмыс қорытындысынан кейін 3 қазақ және 3 орыс тілді роман таңдап алынған. Олардың қатарында «Көктегі көлеңке» (Темірлан Қылышбек), «Құндыз» (Гүлсара Райымқұлова), «Өмір бәйтерегі» (Сәуле Досжан), «Алас есіктер» (Эльдар Воронцов), «Аманта Сари немесе алқызыл және ақ раушандар соғысы» (Нұрлан Тоқсанов), «Оралу» (Әсел Омар) романдары бар. Байқауға келіп түскен шығармалардың арасынан үздік деп танылған роман авторы осыған дейін www.mecenat.kz әдеби байқауының қорғалған сайтында оқырмандардың дауыс беруі нәтижесінде жеңіске жетті. Байқау ашық әрі әділ өтуі үшін жоба ұйымдастырушылары бірқатар негізгі принципті алға қойған. Әдеби сыйлық мемлекеттік бюджеттен тәуелсіз, сондай-ақ жасырын және ашық мүдделер қақтығысы болмас үшін романдарды саралайтын әділ қазылар

алқасы бекітілмеген. Есесіне қазылар алқасының жауапты рөлін оқырман дауысы атқарады. Ұйымдастырушылар мұнда оқырман дауысын мұқият тексеру де назардан тыс қалмағанын жеткізді.

Сонымен оқырман таңдауының нәтижесінде Еңбек сіңірген қайраткер, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Сәуле Досжанның «Өмір бәйтерегі» романы Қазақстан туралы ең үздік романдар байқауында кіл мықтылардың арасынан топ жарып, 3-маусымның жеңімпазы деп танылды. Енді роман авторы өмір бойы ай сайын 500 АҚШ доллар мөлшерінде сыйақы алып отырады. Жоба меценаты Тимур Турлов өз бейнеүндеуінде Mecenat.kz жобасы жеңімпазының есімін жариялап, Сәуле Досжанды айтулы жеңісімен құттықтады. Ал Темірлан Қылышбектің «Көктегі көлеңке» романы байқау нәтижесінің екінші сатысына жайғасты. Ерлан Асқарбеков авторға өз атынан 500 000 теңге көлемінде бір реттік сыйақыны табыстады. Онымен қоса, Ерлан Асқарбеков Mecenat.kz әдеби сыйлығының 4-маусымын ресми түрде ашық деп жариялады. Байқауға романдардың қолжазбасын қабылдау келер жылдың 15 наурызына дейін жалғасады.

– Еңбегім жанып, әдеби байқаудың үшінші маусымының жеңімпазы атанып отырғаныма қуаныштымын. «Өмір бәйтерегі» романын биылғы жылымен есептегенде жеті жыл жазыппын. Ұлттық кодымызды, қан тазалығын, әлемде



қазақта ғана бар «жеті ата» деп аталатын шежіренің дала төлқұжаты екенін дәлелдеп, қазіргі жастарға түсіндіру үшін әр тарауын жеті қайтара оқып шықтық. Әрі бұл менің шығармашылық тәжірибем толысқанда жазған жетінші романым. Бұл романдар байқауы ғой. Адам өзінің шығармашылықтағы жеңісін бәйгеге түскенде ғана біледі. Егер бәйгенің алдында келсең, ол сенің еңбегіңнің жемісті болғаны, – дейді жоба жеңімпазы С.Досжан.

Жазушы, Mecenat.kz сыйлығының 2-маусымының жеңімпазы Тұрысбек Саукетаев та «Өмір бәйтерегі» романының терең мазмұнына тоқтала келе, шығарманың қазақ өміріндегі маңызын атап өтті.

– Бұл роман – біздің қазақы болмысымызды жан-жақты суреттеген шығарма. Мұнда Нұржан мен Мөлдір есімді екі жастың махаббаты айтылады. Мөлдір жігітті ата-анасына әкеліп таныстырғанда, Нұржан өзінің жеті атасын білмейді. Қыздың ата-анасы жігіттің

әкесіз туғанын естиді. Сонда қыздың әкесі жеті атасын білмейтін жігітке рұқсатын бермейтінін айтады. Романда баланың өмірге келуі баяндалып, соңында өз әкесін табуы суреттеледі. «Өмір бәйтерегі» – қазақ өміріндегі жеті атаның маңызы, қазақы тұрмыс, далалық өмірдің сипаты туралы баяндалатын шығарма, – дейді Т.Саукетаев.

Билы үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған Mecenat.kz жобасының мақсаты – қазақстандық көркем әдебиетті дамыту, кітап оқырмандарының ынтасын арттыру, сондай-ақ жазушылардың кәсіби деңгейін көтеру және олардың шығармаларын әлемдік кітап нарығына шығару. 2022 жылы «Күлет» романының авторы Шархан Қазығұл үздік атанса, 2023 жылы «Өлгендер қайтып келеді» романының авторы Тұрысбек Саукетаев жеңімпаз деп танылған еді. Бүгінде қос жазушының байқауда жеңіске жеткізген шығармалары талғамы биік оқырманның жоғары бағасына ие болып келеді.

ӨЗЕКТІ

ЕГІНДІКӨЛГЕ СУ ЖЕТПЕЙДІ

Ақмола облысы Егіндікөл ауданындағы халықтың басты тіршілік көзі – ауыз-судан тарыққанына ондаған жыл болған шығар. Ал мүлде сусыз қалғанына екі жылға жуықтап қалыпты. Былтырғы мамыр айынан бастап техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланып, үш миллиардтан астам қаржы бөлінсе де күні бүгінге дейін жергілікті ағайын тамшы суға зар боп отыр. Бірақ олардың жанайқайы не жергілікті атқарушы биліктің, не тапсырыс беруші органдардың құлағына жетпей келеді. Жергілікті қауымдастық өкілдері аудандық әкімдіктен бастап «Нұра топтық су құбыры», облыстық әкімдік пен құзырлы ведомстволардың табалдырығын талай тоздырып, тіпті Бас прокуратураға дейін хат жолдағанымен, тиісті еш әрекеттің ізі де байқалмаған. Түйткілдің қашан тарқатылып, арман болған ауызсумен егіндікөлді ағайын қашан тамақ жібітетіні беймәлім болып тұр...

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қазір судың жоғынан тұрғындары жан-жаққа тарыдай шашыла бастаған Егіндікөлде 6 300-ден астам адам ауызсудан таршылық көріп отыр. Су ондаған шақырым қашықтықтағы Астрахан ауданынан төтенше жағдай жарияланғаннан кейін сатып алынған екі су тасығыш көлікпен тасымалданып, су мұнарасына құйылады. Алайда оның өзі уақытында жеткізілмей қалады. Күні бүгінге дейін Бауманское, Қоржынкөл, Егіндікөл, Полтавский, Буревестник, Жаманқұлақ және Спиридоновка елді мекендерінің халқы тамшы суға зар күйде қалған.

Былтыр техногенді сипаттағы төтенше жағдай жарияланған соң ауызсумен «жарылауға» уәде еткен құзырлы ведомство мен жергілікті атқарушы билікке 3 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. Алайда салынған жаңа құбырлардың сапасы да сын көтермей, су келмей жарылып жатыр. Оған қоса, қомақты қаражат қазыған ұңғыма суын тазартуға арналған төрт бірдей сүзгіге жұмсалған. Бірақ ауыл тұрғындарының айтуынша, қыруар қаражат жіберілгенімен, ол да күні бүгінге дейін орнатылмапты. Қазір мыңдаған халықтың күні тасымал су мен Егіндікөлдегі жалғыз су мұнарасына қарап қалған. Күніне 300 литрден артық берілмейтін судан жалыққан жұрттың жанайқайы жан түршіктіреді. Мердігер компания осы жылдың 1 тамызында су болады деп халыққа уәде еткенімен, арада бір айдан астам уақыт өтсе де «зәмзәм» суы әлі жоқ. Күн сайын суды сарғая күткен халық әбден қиналғанын айтады.

– Міне, жағдайымыз осындай болып тұр. Бір жыл тоғыз айдан бері мүлде сусыз отырмыз. Былтырғы жылдың мамырында төтенше жағдай жарияланғаннан кейін 3 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінген. Бірақ іс жүзінде



желге ұшқандай көрініп отыр. Халықтың ашу-ызасы кернеп, әлеуметтік шиеленісті күйге жетіп отыр. Қыстың ортасында төселген құбырлар бір-біріне қатып қалғандықтан, ауыр сом балғамен ұрып кигізгенде жарылып кеткен. Мердігер бірінші тамызда су болмады деп ант-су ішкен. Алайда одан бері де бір айдан астам уақыт өтсе де еш өзгеріс жоқ. Құбырлар қалай болса солай салынған. Құбырдың қысымын жасаймыз деп созбақтатып отыр. Ал шын мәнінде келтірілген ақауларды жөндеп әуреленуде. Қазір бір отбасыға 300 литрден артық берілмейтін суға күн сайын ыдысымызды тосып күнелтіп келеміз. Аудан әкімдігі 120 миллион теңге сомасына жергілікті шаруа қожалықтарының күшімен қазыған ұңғыма құдықтарға арнайы тазартқыш сүзгілерді сатып алған. Екеуі Егіндікөлге, бірі Ұзынкөлге көлден су алуға, енді бірі Қоржынкөлге қойылуы тиіс болған. Алайда күні бүгінге дейін олардың да орнатылғанын көре алмадым. Қазыған ұңғымадағы суды ит берсе ішпейтін шығар. Өйткені су ұңғымасын қазған аудан әкімі барлаушы геологтерді де шақырған жоқ. Құдықты халықтық әдіспен ойларына келген

бір жерден қаза салды. Ұңғыма да, 120 миллион теңгеге алынған су тазалағыш сүзгілер де құр босқа қалды. Біз Бас прокуратураға дейін хат жаздық. Қазір жергілікті прокуратура және архитектурадан тексерістер болып жатыр. Сондай-ақ қаражаттың қалай жұмсалғаны бойынша аудиторлық тексеріс келуі керек. «Бармақ басты, көз қысты» дегендей жағдай болғаны анық. Құбырлар қалай болса солай салынған. Мердігер компанияның өзінде еш техникасы да, жұмыс күші де жоқ. Бәрін субмердігер компания техникасымен істейді. Мәселе жөнінде адағы бейсенбі тағы жыны өткізбекпіз. Бұлай болмайды ғой?! – дейді Егіндікөл ауданының тұрғыны, «Тіршілік-2023» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерік Серікбаев.

Түйткілді түйіннің ұшын шешер деген мақсатпен алдымен аудан көлемінде жарияланған төтенше жағдайдың кейін жобаға тапсырыс беруші ретінде бекітілген Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жақанбаевқа хабарластық. Ол жобаның бір жағынан мердігер компанияның



бұрынғы басшысы кезіндегі болған былықтардан, одан соң аудан әкімдігінің дер кезінде дұрыс әрекет етпеуінен жобаның созылып кеткенін растап, бір аптаның ішінде Егіндікөлде су мәселесі шешіліп, ақ түйенің қарны жарылатынына сендірмек болды.

– Төтенше жағдай жарияланғанымен, жоба бойынша былтырғы төраға кезінде бірталай былық бар екені анықталды. Тіпті, құбырларды салу кезінде 50 метр жерге мүлде құбыр салынбай қазылған жер сол күйі жабыла салғаны анықталды. Абырой болғанда, ешкім техникалық қадағалау бойынша қол қоймаған екен. Сол сияқты құбырларды салу кезінде көп ақаудың болғаны анықталды. Сонымен қатар құбыр жолынан Егіндікөлдің ішіне су тарту жобада болмаған. Бұл әкімдіктің теңгерімінде болыпты. «Бізге мұны да жасаңыздар» дейді. Ал жобада аталған мәселеге қаржы мүлде қарастырылмаған. Іздеп жүріп, қаржы беретіндей бағдарламаны да тауып, өзгеріс енгізіп, жобаға қостық. Әкімдікпен, мердігер компаниямен жаңа ғана ауызба-ауыз нақты мәселе жөнінде сөйлестік. Енді бәрін жөнге келтіріп жатырмыз. Бір апта ішінде су болады, шыдаңыздар, – дейді Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Арманұлы.

Мәселенің мәнісін осы істің басы-қасында болуға тиіс Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Курушиннің өз аузынан естімек болдық. Әкім тапсырыс беруші мен мердігер компания істі сөзбұйдаға салып жібергенін, алайда бәрі осылардың құзырында екенін айтып ат-тонын ала қашпақ болды.

Әрине, жоба бойынша оққылықтар мен ақаулықтар жетіп артылады. Су жіберсе болды, құбыр трассасындағы жырықтар мен жарықтардан су кетіп, апатты жағдайды түзету керек болады. Бұл жерде бәрі де тапсырыс беруші Су шаруашылығы комитеті мен мердігер компанияның құзырында. Жоба бойынша аудан әкімдігінің теңгерімінде болған су бұру мәселесінің бәрі сәуір айында-ақ шешіліп, мердігер компания барлығын тартуға тиіс болған. Күні бүгінге дейін сарғыша созып жатыр, – деді Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Курушин.

«Нұра топтық су құбырының реконструкциясы» жобасы бойынша жергілікті «Тіршілік» қоғамдық бірлестігі мердігер компания мен «Нұра топтық су құбырынан 337 шақырымдық су құбырының қазіргі ахуалы жөнінде нақтылап ақпарат сұратқан. Оның қорытындысы бойынша төмендегідей жауап беріліпті.

«Ақмола облысында ұзындығы 337 шақырым Нұра топтық су құбырының реконструкциясы 1 кезек 2 іске қосу кешені» жобасы бойынша су құбырын төсеу жөнінде құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың 1 тамызында аяқталды. Бас мердігер Bertys Construction ЖШС-мен 68,7 шақырым құбыр тартылып, 78 құдық орнатылған. Қарғалы, Жантек, Құмкөл, Тоғанас елді мекендері қазір жаңа су құбырына қосылып су алып отыр. Жергілікті атқарушы орган – Егіндікөл ауданы әкімдігінің өтінішімен Ұзынкөл ауылында резервуары толтырғаннан кейін жаңа құбырды қолда бар су құбырына және Ұзынкөл ауылындағы сорғы станциясына қайта жалғау жүргізілді. Аталған жұмыстар жобалық-сметалық құжаттамада қарастырылмаған. Бұл өз кезегінде қосымша уақыт алды. Қазір мердігер ұйым гидравликалық сынақ жұмыстарын жүргізуде. Ұзынкөл-Буревестник учаскесі гидросынактан өтті. Буревестниктен Полтавское селосына дейінгі учаскеде де гидросынақ жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Егіндікөл ауданы әкімдігінен Егіндікөл селосына су бұруды қосу жөнінде ақпарат сұралды. Бұл жұмыстар да жобалық-сметалық құжаттамаға кірмейді, – делінген «Нұра топтық су құбырының» берген ресми жауабында.

P.S.

Қысқасы, төтенше жағдай жарияланғанымен, бөлінген бюджет қаражаты түлікбұданмен қалтарыс-бұлттарыста қалып қойғандай әсер қалдырады. Мұнымен, әрине құзырлы қадағалау органдары айналысады деген үміттеміз. Ең бастысы, тамақ жібітер су таппай қиналған бірнеше ауылдағы ағайынның ауызсуы тезірек шешімін тапса екен дейміз...



Бүгінде Шымкент қаласының әкімдігі тарапынан халық игілігі үшін бірқатар нысанды мемлекет меншігіне қайтаруға байланысты кешенді жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік маңызы бар нысандар әкімдік тарапынан бақылауға алынған. Олардың қатарында «Мұз сарайы» мен «Кең баба», «Қиял әлемі» демалыс орындары бүгінде мемлекет меншігіне қайтарылды.

А Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Енді Шымкент қаласындағы бұрын жекешелендірілген стратегиялық сумен жабдықтау және су бұру объектілерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүріп жатыр. Бұл туралы Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында атап өтті. Жылға қала әкімінің орынбасарынан бөлек Шымкент қаласы Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Рзабек Меңдіқұлов та қатысып, БАҚ өкілдері қойған сауалдарға жауап берді.

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен өткен Экономиканы монополиядан арылту жөніндегі комиссияның шешімін орындау мақсатында Шымкент қаласының әкімдігімен заңсыз берілген жер телімдері мен нысандарды мемлекет меншігіне қайтару алу жұмыстарына белсене кіріскен. 1996-1998 жылдары Шымкент қаласының сол кездегі әкімі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиядан арылту аясында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жекешелендіріп беру туралы шешім қабылдаған. Осыған байланысты қазір заңсыз жекешелендірілген нысандарды қайтару жұмыстары қарқынды жүріп жатыр», – деп атап өтті Айдын Мейрамбекұлы.

ДАМУ

ШЫМКЕНТТЕ БІРҚАТАР НЫСАН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛМАҚ

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен өткен Экономиканы монополиядан арылту жөніндегі комиссияның шешімін орындау мақсатында Шымкент қаласының әкімдігімен заңсыз берілген жер телімдері мен нысандарды мемлекет меншігіне қайтару алу жұмыстарына белсене кіріскен. 1996-1998 жылдары Шымкент қаласының сол кездегі әкімі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиядан арылту аясында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жекешелендіріп беру туралы шешім қабылдаған. Осыған байланысты қазір заңсыз жекешелендірілген нысандарды қайтару жұмыстары қарқынды жүріп жатыр», – деп атап өтті Айдын Мейрамбекұлы.

Айта кетейік, жекешелендірілген ұйымдардың құрылтайшылары 1998 жылы біртұтас «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-на бірігу туралы шешім қабылдаған. Оның бас директоры болып бұған дейін Шымкент қаласының әкімі қызметін атқарған Анарбек Орман тағайындалды. Жекешелендірілген соң мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын балансында су құбырлары ғана қалғанды. Қала әкімінің орынбасары тасымалдау барысында қаладағы жалғыз мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның

екі су қабылдағышы «Тассай-1» және «Тассай-2», «Уникансервис» тазарту қондырғысы және «ТрансВиК» автокөлік шеберханасы еншілес ұйымдарға бөлінгені жеткізді. Одан әрі құрылған төрт еншілес кәсіпорын мен қосымша «Бадам-Сайрам» және «Ақбай-Қарасу» су қабылдағыштары да жекешелендіруге берілген.

«2003 жылы бекітілген Су кодексіне сәйкес, қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су тарту құрылыстары, сорғы стансалары, су құбырын тазартқыш құрылыстар мемлекет меншігі саналады және иеліктен шығаруға жатпайды. Сонымен қатар Астана және Алматы қалаларымен салыстырғанда Шымкентте су тарифтері тұрғындар үшін де, бюджеттік ұйым мен заңды тұлғалар үшін де бірнеше есе жоғары. Мысалы, Шымкентте тариф шамамен 97 теңге болса, Астанада бұл көрсеткіш 1,5 есе төмен, яғни 65 теңге. Алматымен салыстырғанда 2 есеге жуық төмен, 55 теңгені құрайды. Ал электр энергиясының құны Шымкентте Астана мен Алматыға қарағанда айтарлықтай төмен», – деп атап өтті брифинг барысында Айдын Мейрамбекұлы.

Сонымен қатар Шымкентте кәріз тарифтері де қос республикалық маңызы бар қаламен салыстырғанда жоғары

екенін еске салған жөн. Атап айтқанда, Шымкентте тұрғындар үшін кәріз тарифі 51 теңгеге жуықтаса, Алматыда 2 есе төмен, Астанада шамалас. Ал бюджеттік ұйымдар үшін тариф Шымкентте 415 теңге, Астанада 1,5 есе төмен, яғни 281 теңге. Алматыда 5 есе төмен, 81 теңгені құрайды. Мұндай айырмашылық заңды тұлғаларға арналған тарифте де байқалады. Сонымен қатар Шымкентте кәріз тарифтері жоғары болғанына қарамастан тазартудан кейінгі су өзгенге ағуына жарамсыз. Сондай-ақ Шымкент қаласы тұрғындарының сарқынды судың иісіне қатысты арыз-шағымдары бар. Бұл «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ның сарқынды суды тазарту және шығару жұмыстарының өз деңгейінде емес екенін көрсетеді.

Сумен жабдықтау және субұру жүйесінің азаматтар үшін маңызы екенін ескере отырып, Шымкент қаласының әкімдігі бұрын жекешелендірілген стратегиялық сумен жабдықтау және су бұру нысандарын мемлекет меншігіне қайтаруды көздеп отыр екен. Брифингте объектілерді мемлекет меншігіне қайтару сумен жабдықтау және су бұру бойынша тарифтік шығындарды ұстау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде мүмкіндік беретіні жөнінде де сөз болды.

5 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»: 9 АТ ЖАРЫСТАН ШЫҒЫП ҚАЛДЫ

V Халықаралық көшпенділер ойындарының алғашқы әрі маңызды шарасы «Ұлы дала жорығы» халықаралық ат бәйгесі екені белгілі. 500 шақырым қашықтыққа межеленіп отырған марафонының осымен 200 шақырымы еңсерілді.

Бердібек ҚАБАЙ

Халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі 3-7 қыркүйек аралығында Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай мәдениетінің кіндігі болған мекеннен елордасы Астанада мәресіне жетеді.

Шараның ашылу салтанаты барысында «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылғыбаев баршаны құттықтады.

– Біз осындай ерекше әрі ауқымды істі бастап оған қолдау көрсеткен ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлына алғыс айтамыз. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары еліміздің мәдениеті мен дәстүрін әлемге танытатын сөзсіз. Мұндай жобаға әлем елдерінен келіп ат қосып отырғаны ерекше әсер беруде. Бұл отандық туризмнің дамуына үлкен серпін берері сөзсіз, – деді партия хатшысы Ержан Жылғыбаев.

Сонымен қатар партия хатшысы «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың арнайы құттықтау сөзін, ыстық ықыласын жеткізді.

Шабандоздар әр 50 шақырым сайын арнайы бекітілген жерлерге жеткен шақта ат суытып, демалуға 2 сағат уақыт берілетінін айта кеткен абзал.

Дүбірлі додада қазақстандық 9 командадан бөлек, Түркия, Венгрия, Оңтүстік Африка Республикасы, Иран, Қырғызстан, Ресей (Қабардин-Балқар, Татарстан, Қарашай-Черкесс Республикасы, Башқұртстан) командаларының шабандоздары бақтарын сынауда. Айта кетейік, Қазақстаннан Адай, Әулиеата, Найман, Жетісу арғымағы, Қостанай, Көшім жылқыларын ауыздықтаған командалар жолға шықты. Жорыққа қатысатын командалар арасында 22 қыз бала жүйріктерді тізгіндеген.

Қазақстаннан 2 қыздар командасы Маңғыстау мен Ақмола облыстарынан жасақталып отыр. Ал Оңтүстік Африка Республикасынан қатысатын 5 адамның төртеуі қыздар болса, Қабардин-Балқар Республикасы командасының төрт шабандозы – бұрымдылар. Сондай-ақ Қарашай-Черкесс командасының үшеуі қыздар екені белгілі болды. Жалпы, марафон-бәйгеге мәлімет бойынша, 20 команда қатысады деп айтылған болатын. Бірақ жарыс жолына 17 команда шықты.

Мұнда мәре сызығынан өткен сәйгүліктердің денсаулығы мен жағдайын



жіті бақылау да маңызды. Ветеринар Ержан Есенеев әзірге аттардың аман екенін айтты.

«Біз барлық аттарды көмбеге амансау жеткізсек деп ойлаймыз. Мақсат сол. Енді қазіргі 200 шақырымдық жағдайда ішінара болмаса жалпы бәрі жақсы деп айтсам болады. Біз мәреден

Асығуға әлі ерте. Алда тағы да 300 шақырым жол бар. Соны ескеру керек. Бір атымыз абайсызда аяғын тас шалып кібірткітеп қалған соң амалсыз жолдан шығаруға тура келді. Себебі өзге аттардың уақытын ұстап қалуы әбден мүмкін. Солай болады да. Өйткені алдағы ат соңындағысына жалтақтап, жүруін бәсеңдетеді береді», – дейді ақтөбелік бапкер Айбек Алпысбайұлы.

Сәйгүліктердің көбінің қаны қоюлана бастағанын байқаған ветеринарлар тобы аттарға арнайы қан сұйылататын екпе салу туралы кеңес беріп жатыр.

«Біз жүйріктердің денсаулығын тексеру кезінде олардың қаны қоюлана бастағанын байқадық. Оған ауа райының салқындығы әсер етсе керек. Себебі күн салқын әрі жаңбырлы болған кезде аттар шөлейді. Бірақ көп энергия жұмсаған кезде қан қоюланатын қалады. Сондықтан арнайы бекітілген екпе салуға кеңес беріп жатырмыз. Бірақ бұл барлық атқа бірдей деген сөз емес. Одан бөлек, жылқылар ширғып келе жатқандықтан, бұлшық еттері түйіліп қалған жағдайларды байқадық. Мұндай кезде шабандоз бен атбегі ұқалап, тарқату тәсілдерінің жолдарын айтып жатырмыз», – дейді бас ветеринарлар тобының мүшесі Людмила Дрейфельд.

Сонымен екі күнгі 200 шақырымдық жолдың мәре сызығын бірінші болып кесіп өткен Қырғыз командасы болып тұр. Бірақ Маңғыстау командасы да өте жылдамдықпен келгенін көз

Дүбірлі додада қазақстандық 9 командадан бөлек, Түркия, Венгрия, Оңтүстік Африка Республикасы, Иран, Қырғызстан, Ресей (Қабардин-Балқар, Татарстан, Қарашай-Черкесс Республикасы, Башқұртстан) командаларының шабандоздары бақтарын сынауда.

өткен аттардың дереу тыныс алуын тексереміз. Сосын жүрегі мен қан айналымын саралаймыз. Аттың аяқ алысын да назардан шығармау керек. Осы алғашқы бақылаудан өткен ат келесі жолға дайындалады. Ал аттың денсаулығы сыр берген жағдайда осындағы барша ветеринарлар тобы ақыл қосып шешім қабылдауға тура келеді», – дейді ветеринар Е.Есенеев.

150 шақырымды жұбын жазбай сәтті еңсерген командалар арасында Ақтөбе командасының шабандозы тізгіндеген бір жүйрік жарыс жолынан қапыда шығып қалса да есеп бойынша алға шыққан. Команда бапкері ендігі жолда шабандоздар тізгін тарта жүрмек.

«Шабандоздардың дені жастарғой. Қыза келе қамшы басып жіберді.

көрді. Демек, қазіргі жағдай бойынша жоғарыда айтылған қос команданың шоқтығы биік тұр.

200 шақырымды еңсеріп Атбасар қаласының маңына келіп дамыдаған сәйгүліктердің денсаулығы жіті бақыланып жатыр. Төрешілер нақты қай аттардың жарыс жолына шығатынын таңертеңгі ветеринариялық тексеріс кезінде белгілі болатынын айтты. Себебі бәйге жылқысын суытқан кезде оның мінезі мен аяқ алысынан да көп жағдайды аңғаруға болатыны белгілі.

Бет қатталып жатқанда: бүгінгі қорытынды бойынша Маңғыстау облысы 1 минут 40 секундпен алда келе жатыр



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»:

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАНДЫ ЖЫЛЫТАДЫ

Жаңа оқу жылының алғашқы күнінен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына қолдау көрсету үшін жылдағы дәстүрлі шараға айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл да жалғасын тапты. Мұндай бағдарламаның ұйымдастырылып келе жатқанына 15 жылдан астам уақыт болды. Қайырымды істерге толы акция еліміздің барлық өңірінде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Әр ата-ана оқу жылына барлық баласын сақдай сай етіп даярлай алмасы анық. Бұдан өзге аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылар, жетім балалар, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдауға мұқтаж отбасыларға көмек көрсету – игілікті іс. Осыған орай өтетін «Мектепке жол» акциясы көптеген жеткіншекке қуаныш сыйлауда. Оның аясында белгілі бір санаттағы оқушыларға мектеп киімін, аяқкиімін және оқу керек-жарқтарын сатып алуға материалдық көмек көрсетіледі.

Алматы қаласындағы №175 «Жаңа Ғасыр» мектеп-гимназиясында «Мектепке жол» бағдарламасы аясында 4 оқушы әлеуметтік көмек алды. Демеуші көпбалалы отбасынан шыққан 4-сынып оқушысы Райна, Жанасая Ибудааларды мектеп формасымен, 4-сынып оқушысы Каусар Бақытты кеңсе тауарларымен және 3-сынып оқушысы Олжас Мырзаханды спорттық киім, аяқкиіммен қамтамасыз етті. Кез келген адам халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке

дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аударуға мүмкіндігі бар.

Айта кету керек, оқушыларға көрсетілген игі істердің демеушісі – аталған мектеп-гимназия оқушысының әкесі Ханай Наринбетов.

Қалай десек те, баланы жаңа оқу жылына толық дайындау ата-ананың міндеті болғанымен, әр оқушының алаңсыз әлеуметтік қажеттілікпен қамтылып, алаңсыз білім нәрімен суындап өскені отбасы үшін де, қоғам үшін де пайдалы. Сондықтан ата-ана баласы алдындағы өз борышын өтеуде қандай да бір кедергіге тап болса, оған қол ұшын беру – қоғамның міндеті. «Қайырымдылық – адамгершіліктің белгісі» демекші, акция барысында көмегін аямай, оқушыларға, болашақ мамандарға қамқорлық танытқан жандардың көптігі қуантады.

Айнұр ТҮРСЫНОВА,
«Жаңа Ғасыр» мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Ажар БАЗКЕНОВА,
әлеуметтік педагог

ӘР ӨҢІРДІҢ ҚАСИЕТТІ СУЫ – АСТАНАДА

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында 6 қыркүйек күні Астанада театрландырылған қойылыммен «Бірлік Керуені» салтанатты іс-шарасы өтеді.

«Бірлік Керуені» – Қазақстанның 20 өңірінен республиканың барлық тұрғындарын біріктіретін және V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бір бөлігі болып саналатын маңызды мәдени оқиға.

Іс-шара өткізілетін күні әр өңірден келген спортшылар, қоғам қайраткерлері Астанаға Қазақстанның қасиетті көздерінен су жеткізеді. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатын су Астанадағы тайқазанда ойындардың ашылу күні қосылып, бірліктің басты символына айналады.

Естеріңізге сала кетейік, еліміздің әр өңірінің қасиетті бұлағында торсықты толтыру үшін су тартылған. Әл осы су Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатының негізгі элементі болады. Астанада су алу рәсімін өткізу үшін Есіл өзенінің көзі таңдалды. Есіл – елорданың басты су артериясы. Өзен бүкіл қала арқылы өтеді, Астананың көрікті жерлерінің бірі болып саналады.

Айта кетейік, ойындар ашылған күні киелі суға толы торсықтары бар



түрлі өңірден келген батыр құрамындағы керуен ойындардың ашылу салтанатында жарқын шерумен өтеді. Өңірдің дәстүрлері мен стилистикасымен безендірілген керуен құрамында Астанаға су ыдысынан басқа, ойындардың мәдени бағдарламасына қатысатын шығармашылық ұжымдар жіберіледі.

«Бірлік Керуені» өткізілетін күні Royal Beats барабаншылар ансамблі, «Жошы» тобы, сондай-ақ Қазақстанның басқа да әртістері концерттік бағдарлама ұсынады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербайқат ЖАЛҒАБСАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4492

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,